

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «ГЕОГРАФИЯ» ОҚУ ПӘНІН (10-11-
СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «ГЕОГРАФИЯ»
(10-11 КЛАССЫ) ПО ПРОГРАММАМ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2020 жылғы 16 қыргүйектегі № 7 хаттамадағы шешімімен баспаға ұсынылды.

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 16 сентября 2020 года)

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «География» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 242 б.

Методические рекомендации по изучению учебного предмета «География» (10-11 классы) по программам обновленного содержания образования. Методические рекомендации. – Нұр-Сұлтан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 242 с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (10-11-сыныптар) «География» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, қысқа мерзімді жоспар әзірлеу, критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген және 10-11-сыныптар үшін «География» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлардың үлгісі ұсынылған.

Білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, «География» пәнінің мұғалімдеріне арналған.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности учебной программы «География» (10-11 классы) в рамках обновления содержания, формы и методы организации обучения учебного предмета «География»; методические рекомендации по разработке краткосрочных планов и организации критериального оценивания; представлены примерные краткосрочные планы по учебному предмету «География» для 10-11 классов.

Методические рекомендации разработаны для руководителей и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителей учебного предмета «География».

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2020

Кіріспе

География – тамыры ежелгі грек заманынан басталған, әлемдегі ұғымы мен іргетасы көне заманда қаланған ғылымдардың бірі. Оны қазақ тілімізге сөзбе-сөз аударатын болсақ, «жерді сипаттау» деген мағынаны білдіреді.

Алғашқы адамдар өздері өмір сүретін жерді зерделеп, үңгірлерінің қабырғаларында суреттер салу арқылы қарапайым карталар сызатын болған. Ал қазіргі кездегі география ғылымының алдына қойған мақсаты мүлдем басқаша. Бұл ғылымға қандай анықтама беруге болады деген сұрақтар жиі туындайды? Ол нені зерттейді?

Егер физика «қалай», тарих «қашан», «неге» сұрақтарының жауабын түсіндірсе, география «қайда» деген сұраққа жауап береді және неғұрлым қарапайым көзқарасты білдіреді деп айтуға болады.

Бұл ғылымның қалыптасуы көптеген географ-ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Бұл тұста екінші ғасырда сегіз томдық «Географияға жетекшілік» атты кітабын басып шығарған, яғни «География» ұғымын енгізген ғалым – Клавдий Птолемейді, сонымен қатар, география ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан Герхард Меркатор, Александр Гумбольдт, Карл Риттер, Вальтер Кристаллер, Владимир Вернадский, Василий Докучаевтің және т.б. ғалымдардың есімдерін атауға болады.

Алайда, география ұғымының нақты және жалғыз анықтамасы әлі күнге дейін шешімі қиын мәселе болып қала беруде. Бұл жайлы тұжырымдамалардың бірі «Жердің географиялық қыртысының құрылысын зерттейтін ғылым» деп те белгілеуде.

География – «Физикалық география» және «Әлеуметтік-экономикалық география» деп аталатын екі үлкен пәннен тұрады. «Физикалық география» табиғат нысандарын, яғни гидрография, климатология, геоморфология, топырақ географиясы және т.б. зерттеулермен айналысады. Ал экономика, шаруашылық, халық географиясы, елтану, урбанистика (қалалар туралы ғылым) «Әлеуметтік-экономикалық география» бөліміне жатқызылады.

Сонымен қатар, география ғылымы математика, тарих, физика, химия, биология, экономика, экология, өлкетану ғылымдарымен де тығыз байланысады. Бұл ғылымдардың өзара тығыз байланысының нәтижесінде картография (география + геометрия); топонимика (география + лингвистика); тарихи география (география + тарих); топырақтану (география + химия), геоэкономика (география – экономика), геоэкология (география + экология) тәрізді жаңа ғылымдардың пайда болғанын айта кету қажет.

Географияның басты мақсаттарының бірі табиғат құбылыстары мен қоғамдық процестердің арасындағы терең байланысты анықтап қана қоймай, оларды алдын ала болжау болып табылады [1]. Талдамалық және нақты деректердің көмегімен түрлі геомодельдер құрылуда (климаттық, геосаяси, экологиялық және т.б.).

Елімізде соңғы кездері болып жатқан өзгерістер заманауи талаптарға сай ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде білім берудің жана үлгісін және жобалау процесін енгізу мәселелерін туғызды. Білім мазмұнын

жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын барынша көтеру. Осыған орай, білім және ғылымды дамытудың белгіленген басым бағыттары аясында жалпы орта білім берудің мазмұнын жаңартуда елеулі өзгерістер енгізілуде.

Атап айтсақ, Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік [2] оқу бағдарламасының ерекшелігі – білім алушылардың бойында болашақ мамандықтың табыстылығының маңызды критерийі болатын зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру.

Нақты айтқанда, жоғары мектептегі «География» пәнінің мақсаты – білім алушылар қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау.

Олай болса, заманауи талаптарға сәйкес, бүгінгі заманның білікті ұстазы аса өнегелі, шығармашыл, сын тұрғысынан ойлайтын, өз білім деңгейін үздіксіз арттыруға қабілетті тұлға тәрбиелеуі, оқытуы және дамытуы, сонымен қатар, өмір бойы оқуға және өздігінен білім алуға қабілетті адам қалыптастыруы тиіс. Және де әлемге этикалық көзқарасы бар, ойлаудың шығармашылық типіне ие, дүниетанымдық дамыған мәдениеті бар, сонымен қатар ғылым және өнер салалардағы өзінің бірегейлігін, қайталанбастығын, дарындылығын сақтай алатын жоғары білімді, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау талабы қойылады.

Осыған орай, Ұлттық білім академиясы мамандары білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «География» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеп отыр.

Әдістемелік ұсынымның мақсаты: еліміздегі білім беру ұйымдарының «География» пәні мұғалімдеріне оқу-тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес әдістемелік көмек көрсету.

Аталмыш әдістемелік ұсынымда жаңартылған мазмұндағы «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу мен критериялды бағалау жобасы үлгілері берілген. Бұл әдістемелік материалдың негізінде пәнді оқытуға қатысты мәселелердің толық қамтылуы мүмкін емес. Сондықтан пән мұғалімі мектептің мүмкіншілігі мен оқушылардың білім деңгейін ескере отырып, пәнді оқыту барысында шығармашылық тұрғыдан қарау керек деп есептейміз.

1 «ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША (10-11-СЫНЫПТАРДА) ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аталмыш пән бойынша оқу бағдарламасының ерекшелігі - пәндік білімді қалыптастыруда әртүрлі дағдыларды қатар дамытуға ерекше назар аударылады. Оқыту мақсаттарының жүйесі оқушыларға мынадай негізгі құндылықтарды дарытуға негізделген: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, ынтымақтастық, өмір бойы білім алу. Мұның бәрі оқушылардың функционалдық сауаттылығы өмірлік мәселелерді шешуге, өзгеріп жатқан сыртқы әлем жағдайында сәтті бейімделуге және өзін әртүрлі іс-әрекетте жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттер мен ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін игерудің қажетті, жеткілікті деңгейімен сипатталады және бұл оқушылардың білім алуының негізгі деңгейі ретінде қарастырылады.

Жалпы айтқанда, сауаттылық дегеніміз – әртүрлі мазмұндағы баспа және қолжазба материалдарын қолдана отырып, АКТ-мен жұмыс істеу, түсіну, түсіндіру, құру, қарым-қатынас жасау. Сауаттылық – бұл үздіксіз оқыту процесі, оның барысында адам қоғамда толыққанды өмір сүру үшін жеткілікті әлеует пен білім алу бойынша қажетті дағдыларды меңгереді.

Сондықтан география интеграциялық ғылым ретінде танымның жаңа салаларын қамтитындықтан заман талабына сәйкес мұғалімінің жұмысы да жаңаша ақпараттық технологиялар мен геоақпараттық жүйелермен тікелей байланысты.

Жоғары мектептегі «География» пәнінің міндеттері:

- білім алушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;
- геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;
- білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;
- білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс-әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

«География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;
- 2) қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

3) жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

4) қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны 7 бөлімді қамтиды (1-сызба).



1-сызба. Оқу пәнінің мазмұны

Жоғары мектептегі «География» пәнінің әр мақсаты нақты дағдыларды дамытуға бағытталған. Дағдылар Блум таксономиясы бойынша жіктеледі, яғни, сипаттау, салыстыру, бағалау және т.б. тәрізді географиялық білім көздерімен жұмыс істеуді көздейді.


Бағалау мақсаттарын меңгеру.

Бағалау мақсаттарына жету білім алушылардың бойында түрлі практикалық дағдылар қалыптастыруға, сонымен қатар алынған білімді болашақ өмірде қолдану жолдарын меңгеруге жағдай жасайды.

География пәнінің жаңартылған білім мазмұны білім алушылардың тәуелсіз, жауапкершілік сезімі, жоғары адамгершілікті құндылықтары бар адам болып қалыптасуларына бағытталған.

Оқу пәнінің 10-сыныпқа арналған базалық білім мазмұны келесі бөлімдерден, бөлімшелерден және тақырыптардан тұрады (2-8 сызбалар).

Географиялық зерттеу әдістері – олардың көмегімен географиялық ақпараттар алынатын, жүйеге келтірілетін және қорытындылайтын әдістер [3] (2-сызба).



2-сызба. Географиялық зерттеу әдістері

Олар келесідей әдістерді қамтиды:

- *картографиялық*. Географиядағы негізгі әдістердің бірі. Оның көмегімен географиялық карталардан географиялық орын, климат, топырақ жамылғысы, өндірістің орналыстырылуы, аумақтың сейсмикалық қауіптілігі, табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі және т.б. географиялық зерттеулерге қажетті деректер туралы ақпарат алуға және қорытынды жасауға болады;

- *тарихи және тарихи-географиялық*. Аталған әдіс көпшілік жағдайда экономикалық-географиялық және басқа да географиялық ғылымдардың зерттеулерінде, мысалы, палеоклиматты (климаттың өзгеруі) немесе қорғалатын аумақтардың дамуын анықтау және талдау барысында қолданылады;

- *сипаттау/түсіндіру*. Бұл географиялық зерттеулердегі ең ежелгі әдіс, бірақ аумақтың географиялық ерекшеліктерін сипаттауда осы күнге дейін қолданылып келеді (мысалы, көл маңы аумақтарды сипаттауда);

- *статистикалық*. Ұзақ уақыт бақылау жүргізілген нысандарды талдау үшін барлық географиялық ғылымдарда/зерттеулерде қолданылады;

- *экономикалық-математикалық*. Негізінен демографиялық есептеулерде, сонымен қатар ресурспен қамтамасыз етуде, өндірісті орналастыруда, табиғат байлықтарын орналастыруды есептеулер жүргізуде қолданылады;

- *географиялық аудандастыру*. Аумақтардың деректерін жүйелеу (климаттық аудандастыру, ландшафтық аудандастыру, физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық аудандастыру, агрометеорологиялық және агроклиматтық аудандастыру, гидрологиялық аудандастыру және т.б.) үшін барлық географиялық зерттеулерде қолданылады;

- *салыстырмалы-географиялық*. Аумақтарды және нысандарды түрлі көрсеткіштер бойынша салыстыру үшін қолданылады;

- *далалық бақылау*. Географиядағы негізгі әдістердің бірі (мысалы, аумақтың картографиялық түсірілімі, гидрологиялық және гидрохимиялық бақылаулар, ауа райына бақылау жүргізу және т.б.);

- *қашықтықтан бақылау*. Аумақтардың, нысандардың және құбылыстардың аэрофото немесе аэрокосмостық түсірілімдері;

- *географиялық моделдеу*. Мысалы: гидрологиялық процестер мен құбылыстарды, сейсмикалық құбылыстарды, климатты моделдеу;

- *географиялық болжау*. Мысалы: ауа райы болжамы, сейсмикалық құбылыстарды болжау, сел басуды болжау, экономикалық және демографиялық дамуды болжау.

«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімін оқу барысында 10-сынып білім алушылары келесі мақсаттаға қол жеткізулері тиіс:

10.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдістерін қолдану;

10.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану;

10.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану;

10.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану;

10.1.1.5 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады.

Картография – табиғатта және қоғамда болатын құбылыстарды, олардың орналасуын, кеңістікте және уақытқа байланысты болатын өзгерістерді және олардың өзара байланысын картографиялық суреттердің көмегімен бейнелеу және зерттеу туралы ғылым.

Картография – географиялық карталар және басқа да картографиялық шығармалар туралы, оларды құрастыру және қолдану әдістері туралы ғылым. Картография географиялық карталарды, атластарды, глобустарды, аспан денелері карталарын, жер бедері карталарын және басқа да жергілікті жердің кеңістіктік модельдерін зерттейді [4].

Геоинформатика – географиялық ақпараттық жүйелерді ғылыми негіздеу, жобалау, құрастыру, пайдалану және қолдану бойынша, геоақпараттық технологиялар әзірлеу бойынша, практикалық және ғылыми мақсаттарда ГАЖ қосымшасы бойынша ғылым, технология және өндірістік қызмет [5].


«Картография және геоинформатика» бөлімін (3-сызба) оқу барысында 10-сынып білім алушыларының алдына меңгерулері тиіс келесідей мақсаттар қойылады:

10.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану

10.2.2.1 - Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру;

10.2.2.2 - статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау;

10.2.2.3 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың графикалық редакторларын қолданумен тақырыптық картасызбалар жасайды, яғни білім алушылар мұғалімнің көмегімен географиялық зерттеудің әртүрлі әдістерін қолдануды, географиялық деректер базасын құрастыруды, картограммалар, картодиаграммалар және карта-сызбалар жасауды меңгерулері тиіс.



3-сызба. Картография және геоинформатика

Табиғатты пайдалану – бұл адамның күнделікті өмірінде табиғат ресурстарын пайдалану және (немесе) қоршаған ортаға әсер ету (4-сызба).

Табиғатты пайдаланудың түрлері: жерді пайдалану; суды пайдалану; орманды пайдалану; жер қойнауын пайдалану; жануарлар дүниесін пайдалану; өсімдіктер дүниесін пайдалану; қоршаған ортаға эмиссиялар; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады [6].

Геоэкология – бұл биосфераға дейін қоса алғандағы экологияның/географияның экожүйелерді (геожүйелерді) зерттейтін бөлімі.

«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімін зерделеу барысында 10-сынып білім алушыларының алдына келесідей мақсаттар қойылады:

10.3.1.1 - табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну;

10.3.1.2 - табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беру (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде);



4-сызба. Табиғатты пайдалану және геоэкология

10.3.1.3 - табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде);

10.3.1.4 - табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттарын анықтау;

10.3.1.5 - табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде);

10.3.1.6 - экологиялық таза өндірістік жобаларды ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде);

10.3.2.1 - геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын графикалық түрде ұсыну;

10.3.2.2 - геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру;

10.3.2.3 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу;

10.3.2.4 - дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру;

10.3.2.5 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну;

10.3.2.6 - табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну;

10.3.2.7 - ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіру;

10.3.2.8 - геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау;

10.3.2.9 - ғаламдық экологиялық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеу;

10.3.2.10 - экологиялық проблемаларды шешудегі инновациялық технологиялардың рөлін анықтау;

10.3.2.11 - Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру;

10.3.2.12 - Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешу жолдарын ұсыну.

Геоэкономика өндіріс саласына және тауарлардың тарауына кеңістіктік факторлардың әсерін, экономикалық іс-әрекетті кеңейту үшін кеңістікті пайдалануды зерделейді (5-сызба).


Геоэкономика мемлекеттердің мәдени, тарихи, аумақтық тұрғыдан дамуын зерттейді. Бұл зерделеудің мақсаты – кез келген бір мемлекеттегі экономикалық жүйенің қалыптасу себептерін, сонымен қатар мемлекеттің геосаяси, географиялық және басқа да ерекшеліктерін қолдана отырып болашақ экономикалық жүйесін құру стратегиясын анықтау [7].

«Геоэкономика» бөлімін оқу барысында білім алушылар келесі мақсаттарға қол жеткізулері тиіс:

10.4.1.1 - геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру;

10.4.1.2 - геоэкономиканың негізгі категорияларын түсіндіру;

10.4.1.3 - геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтарды анықтау;



5-сызба. Геоэкономика

10.4.1.4 - елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің ролін анықтау (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);

10.4.1.5 - шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдау;

10.4.1.6 - дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдау;

10.4.1.7 - дүниежүзі елдерінің шаруашылық құрылымын бағалау;

10.4.1.8 - дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу

10.4.1.9 - дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерін талдау;


10.4.1.10 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);

10.4.1.11 - дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу;

10.4.1.12 - дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде);

10.4.1.13 - Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау.

«Геосаясат» ұғымының мәні немістің Geopolitik сөзінен, сонымен қатар гректің «GEO» – жер, кеңістік, «Politika» – басқару сөздерінен пайда болған (6-сызба). Бұл – мемлекеттің саясатына кеңістіктік фактордың әсер етуін ашатын ғылым [8].




6-сызба. Геосаясат

«Геосаясат» бөлімін оқу барысында білім алушылардың алдында келесідей мақсаттарды меңгеру талабы қойылады:

- 10.5.1.1 - геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін түсіндіру;
- 10.5.1.2 - геосаясаттың негізгі категорияларын түсіндіру;
- 10.5.1.3 - негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау;
- 10.5.1.4 - геосаяси ықпал көрсетудің негізгі құралдарын зерттеу;
- 10.5.1.5 - дүниежүзінің геосаяси кеңістігін талдау;
- 10.5.1.6 - геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторларға баға беру;
- 10.5.1.7 - мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдау;
- 10.5.1.8 - мемлекеттерді аумағының морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктеу;
- 10.5.1.9 - Қазақстан Республикасы мемлекеттік аумағының морфологиялық ерекшеліктеріне кешенді баға беру;
- 10.5.1.10 - мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін, анықтау және белгілеу шараларын, динамикасын талдау;
- 10.5.1.11 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараларының қалыптасу үдерісін, басты көрсеткіштері мен динамикасын зерттеу;
- 10.5.1.12 - Қазақстан Республикасының шекараларын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Елтану (орыс тілінен елдер және білу) – елдерді кешенді зерделеумен айналысатын, олардың табиғаты, халқы, экономикасы, мәдениеті және әлеуметтік ұйымдастырылуы туралы деректерді жүйелейтін және талдайтын географиялық пән (7-сызба).



7-сызба. Елтану

«Елтану» бөлімі бойынша қамтылатын оқу мақсаттары:

10.6.1.1 - дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру;

10.6.1.2 - кешенді географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өз үлгісін ұсыну;

10.6.1.3 - дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну;

10.6.2.1 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау;

10.6.2.2 - дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын көрсеткіштердің бірін есептеу әдісін түсіндіру (таңдау бойынша: жалпы ішкі өнім (ЖІӨ), ұлттық жалпы өнім (ҰЖӨ), оның ішінде жан басына шаққанда, сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП), гендерлік тепе-теңдік);

10.6.2.3 - көрсеткіштердің бірі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсету (таңдау бойынша);

10.6.2.4 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке/бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы);


10.6.2.5 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингтерін графикалық түрде көрсету;

10.6.2.6 - елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында).

Адамзаттың ғаламдық проблемалары – бұл, біріншіден барлық елдердің, халықтардың, әлеуметтік топтарды мүдделерін мен тағдырын көтеру қатысты

барлық адамзаттың проблемалары; екіншіден, елеулі экономикалық және әлеуметтік шығындарға әкелетін және олар ушыққан жағдайда адамзат өркениетінің тіршілігіне қауіп төндіруі мүмкін проблема; үшіншіден, жалпыпланетарлық масштабтағы ынтымақтастық жағдайында ғана шешілуі мүмкін проблема (8-сызба).

Адамзаттың ғаламдық проблемалары: бейбітшілік пен қарусыздану мәселесі; экологиялық, демографиялық; энергетикалық; шикізаттық; азық-түлік мәселесі; космос пен әлемдік мұхитты бейбіт игеру мәселелері; дамушы елдердің экономикалық артта қалуын жеңу мәселесі [9].



8-сызба. Адамзаттың ғаламдық проблемалары

«Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімінде меңгерілетін оқу мақсаттары:


10.7.1.1 - адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру;

10.7.1.2 - ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау;

10.7.1.3 - ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру;

10.7.1.4 - ғаламдық проблемалардың аумақтық көріністерін анықтау.

Оқу пәнінің 11-сыныпқа арналған базалық білім мазмұны келесі бөлімдерден, бөлімшелерден және тақырыптардан тұрады (9-15 сызбалар):



9-сызба. Географиялық зерттеу әдістері

«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімін зерделеу барысында 11-сынып білім алушыларының алдына келесідей мақсаттар қойылады:


11.1.1.1 - зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану;

11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану;

11.1.1.3 - зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану;

11.1.1.4 - зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану;

11-сыныптағы «Картография және геоинформатика» бөлімі «Картография» және «Геоинформатика негіздері» бөлімдерінен тұрады (10-сызба).



10-сызба. *Картография және геоинформатика*

11-сынып білім алушылары аталған тақырып бойынша келесі мақсаттарға қол жеткізулері тиіс:

11.2.1.1 - тақырыпқа сәйкес электронды картографиялық ресурстардың мүмкіндіктерін пайдалану (сандық карталарды оқу, олардың қолданысымен географиялық объектілер мен аумақтардың орналасуын, сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтау, сипаттау және талдау);

11.2.2.1 - қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіру;

11.2.2.2 - геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру;

11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру;


11.2.2.4 - компьютерлік бағдарламаларды қолданумен тақырыптық картасызбалар жасау.

«Табиғатты пайдалану және геоэкология» бөлімі «Табиғатты пайдалану» және «Геоэкологиялық зерттеулер негіздері» бөлімдерін қамтиды (11-сызба) және білім алушылардың алдына келесідей оқу мақсаттарын қояды:

11.3.1.1 - шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдау;

11.3.1.2 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау(жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде);

11.3.1.3 - табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беру (жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде);



11-сызба. Табиғатты пайдалану және геоэкология

11.3.1.4 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеу;

11.3.1.5 - жеке тұлғаның табиғатты қорғауға бағытталған өмір сүру салтының басты қағидаттарын ұсыну (тұтыну тұрғысынан);

11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу;

11.3.2.2 - қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктеу;


11.3.2.3 - ластанған қоршаған ортаның адам өміріне тигізетін әсеріне баға беру(жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде);

11.3.2.4 - дүниежүзі елдерін қоршаған ортаның сапасы бойынша жіктеу;

11.3.2.5 - қоршаған орта сапасын практикалық зерттеу арқылы анықтау (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде);

11.3.2.6 - қоршаған орта сапасын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу(жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде).

11-сыныптағы «Геоэкономика» бөлімі «Геоэкономика негіздері» бөлімшесінен тұрады (12-сызба).



12-сызба. Геοεκονομικα

11-сыныптағы «Геοεκονομικα» бөлімінде білім алушылар келесі мақсаттарға қол жеткізулері тиіс:

11.4.1.1 - Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау;

11.4.1.2 - Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру жөнінде идеяларды ұсыну;

11.4.1.3 - Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау(өз аймағы негізінде);

11.4.1.4 - талдау негізінде Қазақстан аймақтарының экономикалық даму кедергілерін жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу(өз аймағы мысалында);

11.4.1.5 - Қазақстан Республикасының аймақтарында қосымша құны жоғары өнімдер мен қызметтерді өндіру жөнінде бизнес-идеяларды ұсыну(өз аймағы негізінде);

11.4.1.6 - Қазақстан аймақтарын экономикалық тұрғыда дамыту жөнінде стратегиялардың жобаларын ұсыну(өз аймағы негізінде);

11.4.1.7 - Қазақстан өнімдерінің танымалдығын арттыру жөнінде шығармашылық идеяларды ұсыну.

Ал «Геосаясат» бөлімі «Геосаясат негіздері» бөлімшесінен (13-сызба) тұрады және келесі оқу мақсаттарын меңгеруді көздейді:


11.5.1.1 - қазіргі заманның геосаяси үдерістерін түсіндіру;

11.5.1.2 - Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру;

11.5.1.3 - Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне әсер ететін факторларды анықтау;


11.5.1.4 - Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстарды әзірлеу;

11.5.1.5 - Қазақстанның дүниежүзі елдері мен дүниежүзілік және аймақтық ұйымдармен байланыстарын күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу.



13-сызба. Геосаясат

11-сыныптағы «Елтану» бөлімі «Дүниежүзі аймақтары» және «Дүниежүзі елдерін салыстыру» деп аталатын екі бөлімшеден (14-сызба) тұрады.



14-сызба. Елтану

Білім алушылар бұл бөлім бойынша келесі мақсаттарды меңгерулері тиіс:

11.6.2.1 - жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін индекстер мен рейтингтердегі Қазақстан орнының динамикасын зерттеу (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында);

11.6.2.2 - Қазақстанның жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін рейтингтерде орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында);


11.6.2.3 - көрсеткіштердің жиынтығы бойынша анықталған рейтингтер мен индекстерде есептердің қолданысымен Қазақстанның орнын жоғарлату жөнінде идеяларды ұсыну (таңдау бойынша бір рейтингтің мысалында);

11.6.2.4 - елдің индекстер мен рейтингтерде орнын анықтағанда есепке алынатын өмір сүру деңгейінің жеке көрсеткіштерін жоғарлату жөнінде жеке азаматтың рөлін түсіндіру;

11.6.2.5 - қолданбалы елтанушылық ақпараттың маңыздылығын, субъектілері мен тұтынушыларын анықтау;

11.6.2.6 - түрлі мақсатты аудиториялар үшін кешенді дүниежүзі елдерінің кешенді елтанушылық сипаттамаларды әзірлеу және шығармашылық түрде ұсыну (елдер мен ұсыну формасы – таңдау бойынша).

Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныптарындағы «Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімі «Ғаламдық проблемаларды шешу» бөлімшесінен (15-сызба) тұрады.



15-сызба. Адамзаттың ғаламдық проблемалары

«Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімінің оқу мақсаттары келесідей:

11.7.1.1 - ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу;

11.7.1.2 - Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау;

11.7.1.3 - ғаламдық, оның ішінде Қазақстан аумағында байқалатын проблемалардың алдын алудың немесе шешудің өзіндік жобасын ұсыну.

Оқу бағдарламасының әр бөлімін игеру барысында географиялық зерттеу әдістерін (жалпы географиялық әдістерді) қарастыруға, заманауи картографиялық әдістерді және геоинформатика негіздерін қолдануға басты назар аударылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұнындағы үлгілік оқу

бағдарламаларының ерекшелігі екі бағыттың мазмұндарының бірегейлігінде.

Жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеуде негіз болған мәселелер жүйелік іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру арқылы практикаға бағдарланған іс-әрекетті күшейту, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, білім беру деңгейлері бойынша оқу материалдарын қайта бөлу және пәнаралық кіріктіруді күшейту жолымен пән мазмұнын жүйелеу, жалпы орта білім мазмұнын бейіндік бағытын және саралауды күшейту, қазақстандық компонентті күшейту, тәрбие әлеуетін күшейту, практикалық, жобалық зерттеу жұмыстарын және эксперименттік тапсырмалардың көлемін көбейту, оқу бағдарламасына заманның талабына сай әлемдік жаңалықтар мен Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы материалдарды енгізу болды.

2 «ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІН ОҚИТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Қазіргі заманғы білімнің тәжірибелік бағдарлануына байланысты қызметтің негізгі нәтижесі білім, ептілік және дағдылық жүйеден бұрын, негізгі құзыреттіліктердің жиынтығы болуы тиіс:

– оқу-танымдық құзыреттілік – бұл білім алушының өз бетінше танымдық қызметке дайын болуы: оқу-танымдық қызметтің мақсаттылығын айқындауы, жоспарлауы, талдауы, рефлексия және өзін-өзі бағалауы, дәйектерді пайымдаулардан ажырата білуі, өлшеу дағдыларын меңгеруі, танымның ықтималдылығын, санақтық және басқа да әдістерді пайдалануы;

– пәндік құзыреттілік – білім алушылардың пән бойынша түрлі білімдерін, біліктері мен дағдыларын іске асыру қабілеттілігі және осы білген-тоқығандарын тәжірибеде де, кейінгі білім алу барысында да қолдануы;

– құнды-мағыналы құзыреттілік – қоршаған ортаны көруге және түсінуге дайын болуы, бағыт-бағдар ұстануы, өзінің рөлін және міндетін сезінуі, өзінің әрекеттері мен қылықтарына мақсатты және мағыналы белгілеулерді таңдай білуі, шешім қабылдай білуі;

– жалпымәдениеттік құзыреттілік – білім алушының ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттерден, адам өмірінің және адамзаттың рухани-адамгершілік негіздерінен, жекелеген халықтардан, отбасылық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлердің мәдени негіздерінен, адам өміріндегі ғылым мен діннің рөлінен, олардың әлемге ықпал етуінен, бос уақытты тиімді өткізудің жолдарынан хабардар болуы;

– ақпараттық құзыреттілік – білім алушының түрлі дереккөздерден алған ақпараттармен өз бетінше жұмыс істеуге, қажетті мәліметтерді іздеуге, талдауға және іріктеуге, оны ұйымдастыруға, түрлендіруге, сақтауға және табыстауға дайын болуы;

– коммуникативтік құзыреттілік – айналадағы және алыстағы адамдармен өзара әрекеттесу және оқиғаларды бөлісуге қажетті тілдерді білуі тиіс, топта және ұжымда жұмыс істеу білу дағдысын қарастырады. Білім алушылар өздерін таныстыруды, хат, сауалнама, өтініш жазуды, сұрақ қоюды, пікірсайысты жүргізуді және т.б. білуі тиіс;

– әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі – азаматтық-қоғамдық қызметті (азаматтық, қадағалаушы, сайлаушы, өкіл рөлдерін орындау), әлеуметтік-еңбек саласында (тұтынушының, сатып алушының, клиенттің, өндірушінің құқықтарын), отбасылық саладағы қатынастар мен міндеттерді, экономика және құқық мәселелерін, өзін-өзі кәсіби тұрғыда білуі және тәжірибесі болуы тиіс;

– жеке тұлғалық (өзін-өзі жетілдіру) құзыреттілік – тәндік, рухани және зияткерлік тұрғыда өзін-өзі дамытуды жүзеге асыруға, эмоциялық тұрғыда өзін-өзі басқаруға және өзіне қолдау көрсетуге дайын болуы [10].

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процесінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекеті жолдарын байланыстырыла шешетін оқу іс-әрекетінің міндеттерін бейнелейді.

Демек, оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен білім алушылардың біріккен іс-әрекетінің жолдары болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту үдерісінде әдістер мен тәсілдер әртүрлі құрамда қолданылуы мүмкін.

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп сапалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие үдерісінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) және бақылаушы-түзетуші қызметтерді атқарады. Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етіледі – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады. Бұл оның ынталандырушы рөлін атқаруы.

Оқытуды ұйымдастыру әдісі – білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, – дейді И.Я. Лернер, – білім алушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пәнді оқыған кезде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағдыға ие болады [11].

Осыған сәйкес оқытуды тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ ұрпақтарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да қазіргі мектептің құрылымы мен білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу-тәрбие процесін жетілдіруге жаңа талаптар қояды. Сондықтан осыған сәйкес жаңартылған білім мазмұны мектептерде жүзеге асырылуда.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы бағдарламаның ерекшелігі – оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі білім алушылардың әрбір сабақта білімді «алудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда білім алушы – таным субъектісі, ал мұғалім білім алушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады.

Оқу мақсаты білім алушы және мұғалім үшін ортақ болады, яғни, білім мазмұнын жаңартудың педагогикалық аспектісінің мәні осында.

Жаңа бағдарламаның құрылымы баланың білім беру үдерісін ұнатуына,

жана ақпарат пен идеяларға қызығушылық танытуына, өзінің табиғи білімге деген ынтасын ұдайы дамытып отыруына бағытталған. Бұл еркін ойлау, айқын әрі тез ойлау, өз ойын жүйелі әрі нақты жеткізе білу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы 10-11-сыныптарына арналған «География» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мақсаты дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу. Сондай-ақ білім алушылардың бойында білім берудің ерекше өзектілігі арқылы анықталатын функционалдық сауаттылық пен құзіреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

Басты мақсаты білім алушылардың қазіргі әлемді тану кезінде жан-жақты экономикалық-географиялық білімді меңгеруі, олардың функционалдық сауаттылығы мен профильдік-кәсіби бағдарын дамыту, кеңейту.

Жаңартылған оқу бағдарламасында пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейтіліп (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру) жасалынған. Таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы сақталған.

Бағдарламада қазіргі өмірде қолданылатын кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Бұл дағдылар жалпыадамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделіп отырып, білім алушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. «Кең ауқымды дағдылар» келесі іс-әрекет түрлерінен тұрады: білімді шығармашылықпен қолдану; сыни тұрғыдан ойлау; зерттеу жұмыстарын орындау; АКТ қолдану; тілдік дағдылармен бірге қарым-қатынастың коммуникативтік тәсілдерін қолдану; топта және жеке жұмыс жасау біліктілігі, географиялық зерттеу әдістерін, өз ойын графикалық немесе модельдеу түрінде ұсыну, сәйкестіктерді анықтау, өз жобаларын ұсыну және т.б.

Білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстары ескерілген. Бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы және әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аударылған. Оқу процесі ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылған.

Бағдарлама мазмұны оқушылардың географиялық ілім жүйесінің негіздерін меңгеру, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі таныту және кәсіби бейімделу, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, тұлғаның зияткерлік, адамгершілік-рухани дамуына бағытталған.

Ұсынылған бағдарламада оқыту формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік инновациялық оқыту тәжірибесін және оқушыларда оқуға деген қызығушылық тудыратын заманауи білім беру технологияларын қолдану

есебінен жаңартылған.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу табыстылығын қамтамасыз ететін логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздерін, алынған білімді оқу және тәжірибелік іс-әрекетте пайдалану іскерлігін қалыптастыру мақсатында тиімді оқыту формалары мен әдістері енгізілген.

Сынып ұжымын жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Жалпы алғанда бағдарлама мазмұны, оқыту формалары мен әдістерінің жаңартылуы мұғалім мен оқушылар арасында серіктес қатынастар қалыптастыруға септігін тигізеді. Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру;
- ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;
- ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;
- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын және білім салалары бойынша әрі қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни жоғары сынып білім алушылар «қолдану», «бағалау», «анықтау», «талдау», «жинақтау», «ұсыну» тәпизді іс-әрекеттерді өздігінен жасап үйренеді.

Оқу бағдарламасына сәйкес ұзақ мерзімді және орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар жасалынады.

Ұзақ мерзімді жоспар – бұл оқу бағдарламасының жалғасы, онда пәндік мазмұн нақтыланады, орта мерзімді жоспар – бұл ұзақ мерзімді жоспармен қалай жұмыс істейтінін егжей-тегжей сипаттайтын, оқу материалын сынып ішінде және сыныптар арасында байланыстырып көрсететін жұмыс сызбасы, қысқа мерзімді жоспар – бұл жеке сабақ үлгісі.

Оқытудың күтілетін нәтижелері оқытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттар жүйесін құра отырып, нақты оқу пәнінің оқыту мақсаттарында әрбір бөлім бойынша нақтыланады.

«География» пәнінің оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін оқытудың заманауи әдістері ұсынылады.

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін мұғалім мен білім алушылардың бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белсенділігін арттыру мақсатында интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ өткізудің көптеген мүмкіншіліктері бар. Интерактивті тақта – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады.

Осы заманғы педагогикалық процесте қолданылатын әдістер саны, түрі орасан көп. Қазіргі күнде педагогикада әдістерді топтастырудың төрт жолы кең танылған.

Әдістері әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі:

- оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша: репродуктивтік, проблемалық, зерттеу, ізденушілік, түсіндірме – көрнекілік, бөлшектеп ізденіс (эвристикалы) және т.б.;
- педагог пен оқушының белсенділік деңгейіне байланысты: пассивті, активті, интерактивті;
- оқу материалының көзі бойынша: сөз, көрнекілік, іс-әрекеттік (практика);
- оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру тәсілдері бойынша: іс-тәжірибеде білім, білік, дағдыларды қалыптастыру әдістері, жаңа білім алу тексеру және бағалау әдістері.

Оқытудың активті (белсенді) түрі – оқыту мен шығармашылық үшін дидактикалық процесті ұйымдастырудың реттелген, алгоритмделген, жоспарланып қойылған формасы мен әдісімен танымдық мотивтер мен қызығушылықтарды туғызатын ізденушілік, зерттеушілік, нақты проблемалық талаптар қоятын дамытушы әдістерге аяқ басу болып табылады.

Белсенді оқыту әдістерінің артықшылықтары:

біріншіден, олар өздері белсенді, өйткені, негізінен зияткерлік және физикалық тұрғыдан ойындарға жатады;

екіншіден, олар пассивті монологты білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының белсенді ой алмасумен ауыстырады, оқушылар мен үйренушілерді пассивті тыңдаушылар мен «сөйлейтін» «ұйымшыл команданың жігерлі, ынталы, шығармашыл, талапты ойыншылары мен бапкерлеріне (ойнаушы-бапкерлер)» айналдырады;

үшіншіден, бұл әдістерді барлық қол жетімді ауызша және ауызша емес байланыс түрлері қолданады да, дәстүрлі тәсіл кезінде қатысушылардың жасырын әлеуетін жандандырады;

төртіншіден, бойымызда бар барлық ақыл-ойды қолдану нәтижесінде білім, іскерліктер, дағдылар, қасиеттер мен құндылықты бағдарларды меңгеру үдерісі айтарлықтай жанданады.

Әдістердің белсенділігі сонша, олар сабақ, семинар, тренинг тапсырмаларына ғана емес, сонымен қатар релаксация, үзіліс және тіпті мектептен тыс уақытқа да қатысты болады. Ең қызығы, үзіліс кезіндегі қатысушылардың белсенділігі практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысына қарағанда жоғары болып жатады.

Белсенді оқыту әдістері – оқушылардың оқу үдерісіне жоғары дәрежеде қатысуын сипаттайтын, қойылған міндеттерді атқаруда олардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін жандандыратын әдістер. Белсенді оқыту әдістерінің айрықша ерекшеліктері:

- ойлаудың мақсатты жандануы, оқушы өз қалауына қарамастан белсенді болуға мәжбүр болады;
- оқушылардың оқу үдерісіне жеткілікті шамада ұзақ уақыт қатысуы, өйткені, олардың белсенділігі қысқа мерзімді не эпизодтық емес, айтарлықтай дәрежеде тұрақты және ұзақ болуы тиіс (яғни бүкіл сабақ бойы);
- үйренушілердің дербес шығармашылық шешімдерді әзірлеуі, жоғары ынта мен эмоция деңгейі;
- интерактивті сипат (ағылшын тілінде interaction –өзара әрекеттесу), яғни оқу іс-әрекеті субъектілерінің (үйренушілер мен мұғалімдер) тікелей және кері байланыс арқылы тұрақты өзара әрекеттесуі, қандай да бір проблеманы шешу жолдары туралы еркін ой алмасу.

Белсенді оқыту әдістерін таңдау барысында бірқатар критерийлерді басшылыққа алуға кеңес беріледі, атап айтсақ:

- оқыту мақсаттары мен міндеттері, қағидаттарына сәйкестігі;
- оқытылатын тақырып мазмұнына сәйкестігі;
- үйренушілердің мүмкіндіктеріне сәйкестігі: жас, психологиялық даму, білім мен тәрбие деңгейі, т.б.
- шарттар мен оқытуға бөлінген уақытқа сәйкестігі;
- мұғалімнің мүмкіндіктеріне сәйкестігі: оның тәжірибесі, ниеттері, кәсіби шеберлік деңгейі, жеке қасиеттері.

Белсенді оқыту әдістерін мұғалім өзі қойған міндеттерге сай таңдайды. Осы міндеттерді топтар бойынша қарастырайық.

Міндеттердің бірінші тобы – тыңдаушыларға оқу қажеттілігін жеткізу. Бұл міндетті атқару үшін, атап айтсақ, бағдарламалық оқыту құралдары мен әдістерін пайдалану арқылы бастапқы білім деңгейін тексеру (тестілеу) қолданылады. Мұнда тыңдаушы өз білімінің жетіспейтіндігіне көз жеткізуге, ал мұғалім курсты ұсыну бағдарламасын осы контингенттің білім деңгейіне сай нақтылауға мүмкіндік алады.

Міндеттердің еінші тобы оқу материалын ұсыну барысында пайда болады және бұл жерде пәнге деген қызығушылықты тудыру, оқушыларды

оқытылатын материалдың тәжірибелік құндылығына сендіру, олардың оқу-танымдық (осы жағдайда ойлау) іс-әрекетін жандандыру маңызды, бұл білімді шығармашылықпен қабылдауға және меңгеруге септігін тигізеді. Бұл үшін проблемалық оқытудың түрлі тәсілдері мен әдістері, case-study, ойын әдістері қолданылады.

Үшінші топтың міндеттеріне зерделенген материалға қатысты сұрақтарды шешу, теріс түсініктер, қате пайымдауларды анықтау және тиісінше оны тәжірибеде бұрыс пайдаланудың алдын алу жатады. Бұл үшін топтық кеңестер, бағдарламалық кеңестер (бағдарламалық оқыту техникасы мен әдістерін қолдану арқылы) ұйымдастырылады.

Міндеттердің төртінші тобының мақсаты - алынған білімді бекіту, оларды тәжірибе жүзінде пайдалану іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру (жетілдіру). Мұнда нақты материалдарды (есептер, жоспарлар, нұсқаулықтар, т.б.) талдау және талқылау, нақты жағдаяттарды талдау, типтік міндеттерді шешу арқылы ең жоғары нәтижеге қол жеткізіледі.

Оқу үдерісінің міндеттерінің бесінші тобы алынған білім мен іскерліктерді тәжірибеде қолдануға қадам жасау, білім беру бағдарламасында қарастырылған құзіреттіліктердің қалыптасу дәрежесін тексеруді білдіреді. Мұндай тиімді әдістерге кейстерді шешу, қорытынды іскерлік ойындар өткізу жатады.

Аталған оқыту әдістерін іріктеу жүйелілігі олардың әрқайсысының, бір жағынан, оқу үдерісіндегі белгілі бір міндетті атқаруға мүмкіндік беретіндігі және, екінші жағынан, басқа әдістерді толықтыратындығына негізделеді.

Белсенді оқыту әдісінің нақты түрін таңдай отырып, оның мүмкіндіктерімен қатар оны әзірлеу және қолдану барысында туындайтын ұйымдастырушылық және мазмұндық қиындықтарды, сонымен қатар оқу үдерісінің жүзеге асырылу шарттарын да ескеру қажет.

Белсенді оқыту әдістерінің түрін таңдауды дәйектеу мақсатында олардың кейбіреулерін, атап айтсақ, географияны оқыту кезінде ең көп қолданылатын әдістерді әзірлеу және қолдану ерекшеліктерін қарастырайық.

Презентация – мүдделі аудиторияға жаңа не аз танымал ақпарат, өнім не қызметті ұсыну. Белсенді оқыту әдістерін қолдану түпмәтініндегі презентация технологиясы жобалық шешімді ұсыну және қорғау формасы болып табылады. Бұл технология ақпарат жеткізу дағдылары, жұртшылық алдында сөйлеу, сендіру техникасы, аудитория сұрақтарына жауап беру іскерлігін меңгеруге және қиын жағдайлардан шығуға көмектеседі. Қажетті талаптар: уақыт тәртібін қадағалау, материалдың мазмұндылығы, көрнекі ұсынылуы (таратылатын материал, Power Point презентациясы), сөйлеу стилі.

Оқу мақсаты: 10-сынып. 10.3.1.1 - табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну.

Келесі тақырыптар бойынша презентация дайындау.

- «Табиғатты пайдалану түрлері»;
 - «Экологиялық таза өндірістерді жобалау».
- «Табиғатты пайдалану түрлері» слайд-презентация көрсетіледі,

тақырыпқа қысқаша түсінік беріледі. Презентациядағы ұсынылған табиғатты пайдалану түрлерін оқулықтағы/қосымша ресурстардағы суреттермен салыстыра отырып зерттейді, бұрыннан білетін білімдерімен байланыстырады, талқылайды, бір-біріне сұрақ қоя отырып түсінеді.

Білім алушылар сұрақтарға жауап береді. Өткен сабақ тақырыбына байланысты сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа тақырып туралы ой қозғайды.

Кейс – білім алушылардың талдауы, шешуі және бағалауы үшін мұғалім арнайы ұсынатын өндірістік не экономикалық жағдаят түрі. Кейс-стади–өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау [12].

Кейстер белгілі бір ерекшеліктерге ие:

1. Кейс негізінде әдетте шынайы не мұғалім арнайы ұсынатын нақты жағдаят жатады, оның материалы арнайы зерттеулердің нәтижелері, статистикалық есеп формалары және басқа да қосымша ақпаратпен бекітіледі.

2. Анық білдірілген сұрақтардың болуы кейске тән не сай емес; кейсті талдау барысында ненің басты болып, бірінші кезекте талдауды талап ететіндігі әрқашан айқын емес; басты проблеманы анықтау кейсті талдау және шешім табуға ең маңызды және қиын кезеңдердің бірі болып табылады.

3. Кейстің анық бір шешімі болмауы мүмкін. Кейс негізінде жататын нақты жағдаят оңтайлы шешімге қандай да бір деңгейде жақын көптеген шешімдерді білдіруі мүмкін.

4. Жалпы қабылданған мағынада шешім шығару мүмкін болмаған кезде проблеманы анықтау және ашу, оны талдау және қалыптасқан жағдайда әрекет жасау тәртібін анықтауды шешім ретінде санауға болады.

Кейс ұғымы ағылшынның «case» сөзінен алынған яғни жағдай дегенді білдіреді. Немесе оны нақты жағдаятты талдау әдісі деп те атайды. Оның мәні де қарапайым оқытуды ұйымдастыруда нақты жағдаят қолданылады. Бұл әдіс оқытушы тарапынан шығармашылықты талап етеді және оның ой-өрісінің бейнесі көрініс табады.

Яғни екі тараптан ой, шығармашылық еркіндік көрініс табады. Кейс – әдісі білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады ол өз кезегінде болашақ маман ретінде тұлғаның дамуын қалыптасуына ықпал етеді.

Кейс әдісі – нарықтық экономикада және әлеуметтік жағдайларды суреттеу арқылы, оқу барысында қолданылатын оқыту техникасы деп түсінуге негіз бар. Жағдай (кейс) деп – ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуді айтуға болады. Мысалы, кәсіпорынның құрылуы, оның дамуы, бизнестегі табыстары мен қиыншылықтары, т.б. Білім алушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетуді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алулары тиіс. Осы талдау барысында білім алушылар, өздерінің алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал ұстаздың міндеті, осы кейс әдісін қолдану барысында, оқушылардың белсенділігін бақылап, барлығының қатысуын қадағалауы керек. Сонымен қатар, білім алушылардың талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды. Кейс әдісі, оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе. Кейс әдісін қолдану барысында

оқытушының іс - әрекеті екі кезеңнен тұрады.

1. Кейс (жағдай) таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс:

- жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу;
- мақсат пен міндетті анықтау;
- жағдайды құрастыру және суреттеу.

2. Оқытушының іс-әрекеті. Сыныпта кейс әдісін қолдану кезеңі:

- кейске кіріспе;
- жағдайдың талдануы (шағын топтарда);
- пікірталас;
- қортынды шығару. Экономикалық пәндерді оқыту барысында сабақтың

мазмұнына, психологиялық ерекшеліктеріне қараудың маңызы өте зор.

Кейс құрылымына қарай келесідей жіктеледі:

- Құрылымдалған кейстер – нақты сандар мен деректер бар жағдайды қысқа және нақты баяндау;

- Құрылымсыз кейстер – көп мәліметтер бар материал болып табылады және ойлау стилі мен жылдамдығын бағалауға, ойлау жылдамдығын дамытуға бағытталған.

Көлемі бойынша:

Толық кейстер (20-25 бет) – бірнеше күнге созылатын ұжымдық жұмыс;

Қысқа кейстер (3-5 бет) – сабақ үстінде жасалады және жалпы тақыланады;

Мини-кейстер (1-2 бет) – қысқа кейстер сияқты сабақ үстінде жасалады және теорияны иллюстрациялау түрінде жүреді.

Мұғалімнің басты міндеті – кейсті әзірлеу барысында проблемалық жағдай модельделетін және білім алушылардың меңгеруі қажет білім, білік және дағды кешені көрініс беретін тиісті материалды таңдау.

Кейс технологияның проблемалық оқытудан айырмашылығы неде? Кейс-әдістің ерекшелігі – нақты өмірде болатын фактілер негізінде проблемалық жағдайды жасау. Кейс білім алушыларға ашық түрде проблеманы ұсынбайды, ал білім беру процесіне қатысушылар оны кейс сипаттамасындағы ақпараттан табулары тиіс.

Кейстегі мәселе бір мағынада шешілмейді; әдістің мәні бұрын жасалған өлшемдерге сәйкес неғұрлым орынды шешімді таңдау және оны іске асырудың практикалық моделін әзірлеу үшін көптеген балама нұсқалардан тұрады [13]. Кейс әдісін қолдану барысындағы мұғалімнің және білім алушылардың әрекеті төмендегі кестеде ұсынылған (1-кесте).

1-кесте – Мұғалімнің және білім алушының іс-әрекеттері

Жұмыс барысы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
Сабаққа дейін	1. Кейсті таңдайды 2. Оқушының дайындығы үшін негізгі және көмекші құралдарды дайындайды 3. Сабақтың сценарийін жасайды	1. Кейсті және тізімді алады 2. Сабаққа жеке өз бетінше дайындалады

Сабақ кезінде	1. Кейстің алдын ала талдауын жасайды. 2. Топты топшаларға бөледі. 3. Топшалардағы талқылауға басшылық жасап, қажетті мәліметтерді береді.	1. Кейсті түсіну үшін сұрақтар қояды. 2. Өзгелердің пікірін тыңдай отырып, проблеманы шешу мәселесін қарастырады.
Сабақтан соң	1. Оқушылардың жұмысын бағалайды 2. Қабылдаған шешімдер мен қойылған сұрақтарды бағалайды.	1. Берілген форма бойынша жазбаша есеп дайындайды.

Кейс-технологияны жаңа тақырыптар өткенде де, қайталау кезінде қолдануға болады.

Кейстің мазмұнына қойылатын талаптар:

1. Нақты өмірде орын алатын нақты жағдай қарастырылады (негізгі жағдайлар, фактілер).

2. Ақпарат толық емес, яғни бағдарлы сипатта да берілуі мүмкін.

3. Кейсті шын мәнінде орын алуы мүмкін деректермен толықтыру мүмкін.

Кейс-әдістен кейінгі күтілетін нәтижелер:

Оқуда:

1. Жаңа ақпаратты меңгеру

2. Деректерді жинау әдісін игеру

3. Талдау әдісін меңгеру

4. Мәтінмен жұмыс істей білу шеберлігі

5. Теориялық және практикалық білімнің арақатынасы

Мұғалімнің кейс-технологиядағы іс-әрекеті:

1) кейс жасау;

2) білім алушыларды шағын топтарға бөлу (4-6 адам);

3) білім алушыларды мәселені шешу жағдайларымен, жүйесімен, тапсырмаларды орындау мерзімдерімен таныстыру;

4) шағын топтарда шешімдер қабылдауды ұйымдастыру;

5) жалпы пікірталасты ұйымдастыру;

6) мұғалімнің кіріспе сөз сөйлеуі, ситуациялық жағдайды талдау;

7) білім алушыларды бағалау.

Білім алушының кейспен жұмысын бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1 кезең – жағдайлармен, оның ерекшеліктерімен танысу;

2 кезең – негізгі проблеманы (проблемаларды) бөлу),

3 кезең – «ми шабуылына арналған тұжырымдамаларды немесе тақырыптарды ұсыну»;

4 кезең – қандай да бір шешімді қабылдау салдарын талдау;

5 кезең – кейс шешімі – әрекеттер тізбегінің бір немесе бірнеше нұсқаларын ұсыну.

Кейстердің артықшылығы теория мен тәжірибені оңтайлы үйлестіру мүмкіндігі болып табылады, бұл мамандық таңдауда да өте маңызды болып табылады.

Кейстер әдісі жағдайды талдау, баламаларды бағалау, оңтайлы нұсқаны таңдау және оны жүзеге асыруды жоспарлау біліктілігінің дамуына ықпал етеді. Егер оқу барысында мұндай тәсіл тұрақты қолданылса, онда білім алушыда практикалық міндеттерді шешудің тұрақты дағдысы қалыптасады.

CASE STUDY әдісі бойынша қалыптасатын дағдылар:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. жатқызуға болады. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Оған: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қатысушылардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа қажетті ақпараттар мен құралдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа нақты есеп даярлау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Мұнда мәселені талқылау барысында CASE-те нақты: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін-өзі ұстау және т.б. сынды әлеуметтік дағдылар қалыптасады.

6. Өзіндік саралау. Яғни, пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Мұнда, туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру талап етіледі.

Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар, оқудағы оқу, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы оқытушының кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі.

Бұл әдістің тиімділігі, ол басқа оқу әдістерімен оңай байланысады.

Кейс-әдісте қолданылатын негізгі ұғымдар «жағдай» және «анализ», сонымен қоса олардан туатын – «жағдайды талдау» ұғымдары болып табылады.

Оқытуды ұйымдастыру әдістері жүйесіндегі кейс әдісі:

Кейс әдісінің маңызды ерекшелігі, оның басқа әртүрлі оқыту әдістерімен тиімді үйлесуі болып табылады. Кестеде кейспен жұмысты ұйымдастыруда әртүрлі әдістермен үйлесу мүмкіндіктері берілген.

Кейс-әдісімен үйлескен әдіс
Үлгілеу
Жүйелі талдау

Оның кейс-әдістегі ролінің сипаты
Жағдайдың үлгісін құру
Жүйелік ұсыныс және жағдайды талдау

Ойша тәжірибе	Жағдай туралы білімді ойша түрлендіру арқылы алу тәсілі.
Сипаттау әдістері	Жағдайдың сипатын құру
Проблемалық әдіс	Жағдайдың негізінде жатқан түйінді мәселені ұсыну
Жіктеу әдісі	Жағдайды құрастыратын қасиеттер, тараптардың реттелген тізімін құру
Ойын әдістері	Жағдай кейіпкерлерінің жүріс-тұрысының нұсқаларын ұсыну
«Миға шабуыл»	Жағдайға қатысты ойларды генерациялау
Пікірталас	Түйінді мәселе және оны шешу жолдары жайлы көзқарастармен алмасу

Жаңартылған мазмұндағы жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныптарына арналған «География» пәнінің оқу бағдарламасындағы оқу мақсаты: 10.3.2.3 - геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу.

Білім алушылар, геосфералардың ластану деңгейін анықтайды, себеп-салдарын зерттейді. «Кейс-стади» әдісін пайдаланып, мәтінмен/қосымша ресурстармен жұмыс жасайды.

Проблемалық лекция білім алушылардың дербес шығармашылық жұмысын бақылау сұрақтары, қарастырылатын материалды талқылау және басқа да тәсілдер шынымен қамтылған жағдайда пайдалы болады. Білім алушыларды әртүрлі деңгейде қатыстыра отырып, оқу проблемаларын қалыптастыру және шешу проблемалық лекцияның айқындаушы нышаны болып табылады.

Талқылауға арналған сұрақтар мен тақырыптар тізімінің (және олардың мерзімдік тәртібі) болуын; лекция барысында қарастырылатын материалды көрнекі бейнелейтін фактографикалық деректердің болуын, т.б. Бұндай жолды шешу үшін әртүрлі білім көздерін қосымша материалдар, оқулық мазмұнын, карта, сурет пайдаланылады. Проблемалық ситуация оқушының ақыл-ой әрекетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, онда салыстыру, іздестіру тәсілдерін пайдалануды қажет етеді. География сабағын өтуде салыстыру тәсілдерін қолдану бірінші жолға қойылады.

Ойын технологиялары:

- іскерлік ойындар, бір сабақтың немесе бірнеше сабақтың уақытын алуы мүмкін;

- дидактикалық ойындар;

- логикалық ойындар;

- рөлдік ойындар;

- ойын тапсырмаларын қолдана отырып оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыру (жарыс-сабақ, конкурс-сабақ, саяхат-сабақ, КВН-сабақ);

- ойынды сабақтың белгілі бір кезеңінде қолдану;

- әртүрлі сыныптан тыс іс-шаралар.

Алайда ойын технологиясын сабаққа енгізбестен бұрын мыналарды

анықтап алу қажет:

- қандай оқу материалын ойын технологиясын қолдана отырып меңгерген мақсатқа сай болады;
- ойынды пайдалану үшін оқушылар құрамы қандай болуы тиіс;
- ойынды оқытудың басқа тәсілдерімен қалай байланыстыруға болады;
- ойынды пайдалану үшін оқу жоспарынан уақытты қалай табу керек;
- нақты бір оқу тақырыбы үшін қандай ойын технологиясын қолданған тиімді болады.

Іскерлік ойын – бұл туындаған проблемаларды зерттеу және шешу мақсатында шартты жағдаяттардағы әлеуметтік-экономикалық жүйелер мен адамдардың кәсіби іс-әрекетін басқару үдерісіне еліктеуші модельдеу.

Дидактикалық ойындар – шығармашылық кәсіби ойды дамыту құралы, оның барысында адам ерекше жағдаяттарды талдау және өзіне таңсық кәсіби міндеттерді атқару қабілетіне ие болады [14].

Іскерлік ойын нақты бір өндіріс шарттарын, жұмыс істеушілердің (мамандар) іс-әрекеті мен қатынастарын бейнелейді. Оған қатысушылар бірінші орынға ойын мақсатын емес, танымдық мақсатты қоюы тиіс. Қатысушылардың ойын ережелерін орындауы және кәсіби нормаларды ұстануы – әркімге берілген роль аясындағы дербес және ортақ қабылданған шешімдер үшін қажетті алғышарт. Қатысушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, проблемалық жағдаяттарды тудырады, ойнайды және шешеді. Іскерлік ойынның міндетті белгілері:

- әлеуметтік-экономикалық не әлеуметтік-психологиялық жүйені басқаруда проблеманың болуы;
- бүкіл ойын ұжымында ортақ мақсаттардың болуы;
- әртүрлі рольдердің болуы және осыған сәйкес осы рольдерді орындайтын қатысушылардың мүдделерінің айырмашылығы (қарама-қайшылығы);
- жүйені толық нысандандырудың мүмкін еместігі, жағдайдың тұрлаусыздығы, көптеген факторлардың ықтималдық сипатын ескеру және осының нәтижесінде қарастырылатын үдерістің ойындық еліктеу моделінің болуы;
- шынайы не шартты уақыт факторының болуы;
- жағдайдың өзгеру қарқындылығы және өткен уақыт сәттеріндегі оқушылардың шешімдеріне тәуелді болып, кейінгі уақыттағы жағдайды өзгертуге әсер ететін кері байланыстың болуы, яғни «шешімдер тізбегінің» болуы;
- ойын іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау жүйесінің болуы;
- ойын ұжымының іс-әрекеттегі ортақ мақсаты, ортақ нәтижесіне қол жеткізуде әрбір қатысушының жеке үлесіне әділ баға беретін қатысушыларды ынталандыру жүйесінің болуы;
- шешімдердің көп баламалылығы;
- іскерлік ойынды ең аз көлемде міндетті қажетті және жеткілікті құжаттамамен қамтамасыз ету;
- басқарылатын эмоциялық зейіннің болуы.

Олардың тиімді қолданылу саласы айтарлықтай кең: оқу іс-әрекетінен бастап шынайы іс-әрекетте басқарушы шешімдерді эксперименталдық апробациялауға дейін. Іскерлік ойындарды өткізудің негізгі мақсаты – шынайы өмірге жақын шарттарда шешім қабылдау тәжірибесін беру.

Рольдерді ойнау – келесі негізгі нышандар арқылы сипатталатын ойындық оқыту әдісі:

- кәсіби іс-әрекет саласында проблема не міндеттің болуы және оны шешуге қатысушылар арасында рольдерді бөлу (мысалы: рольдерді ойнау әдісі арқылы өндірістік жиынды ойнауға болады);

- ойын сабағына қатысушылардың әдетте талқылау жүргізу арқылы өзара әрекеттесуі. Әрбір қатысушы талқылау барысында басқа қатысушылардың пікірімен келісуі не келіспеуі мүмкін;

- сабақ барысында мұғалімнің түзетуші шарттарды енгізуі. Мысалы: мұғалім талқылауды тоқтатып, қойылған міндетті шешуде ескерілуі қажет кейбір жаңа мәліметтерді жеткізуіне, талқылауды басқа арнаға бағыттауына, т.б. болады;

- мұғалімнің талқылау нәтижелерін бағалауы және қорытынды жасауы.

Нақты жағдаяттарды талдау танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың ең тиімді және кең таралған әдістерінің бірі болып табылады және нақты жағдай мен практикалық шешім қабылдау барысында туындаған жағдаяттың тыңдаушылар тарапынан талдануын талап етеді.

Көбіне география сабағында ойын жаттығулары аукцион-конкурсы; жобалар конкурсы; сөзжұмбақтар конкурсы; марафон конкурсы; әртүрлі географиялық викториналар, зерделілер сайысы өткізіледі.

Еліктеу жаттығуы жағдаяттық әдіске тән белгілерге ұқсас нышандармен сипатталады. Еліктеу жаттығуының ерекше белгісі – проблеманың мұғалімге (алайда оқушыларға емес) алдын ала белгілі дұрыс не ең жақсы (оңтайлы) шешімінің болуы. Сондықтан еліктеу жаттығуы case study әдісіне қарағанда қарапайымдау болады, ал нәтижесі белгілі бір мағынада бағдарламаланған.

Көбінесе мұнда сабақтарға дайындалу және өткізу барысында ұзақ мерзімді және терең зерттеулер не жобалау-құрастыру жұмыстарының қажеті жоқ, сабақтардың өздері салыстырмалы түрде қысқа және қалыпты кестеге оңай сыйғызылады. Еліктеу жаттығуының мысалы – қандай да бір заң ережелері, ережелер, әдістер, нұсқаулықтар туралы білімді тексеру, мысалы: төтенше жағдай орын алған жағдайдағы әрекеттер, мемлекеттік және муниципалдық басқару органдарындағы азаматтардың өтініштерімен жұмыс, бухгалтерлік, статистикалық есеп формаларын толтыру, т.б. Проблемалық лекцияның әдістемелік жасақтамасына жатқызуға болады.

Жағдаят – бұл іс жүзінде орын алған қандай да бір құбылысты айқындайтын фактілер мен деректердің жиынтығы. Бұл жағдайда басқару саласына тән кез-келген жағдаят талдау мен оқыту нысаны бола алады. Жағдаяттың талдау материалынан бөлек шешуді талап ететін проблемалардан да тұратын жағдайы болады. Бұл әдіске келесі негізгі белгілер тән:

- берілген уақыт сәтіне арналған нақты жағдаяттың болуы;
- сайысушы топтармен не жеке тұлғалармен жағдаяттарды шешу

жолдарын әзірлеу;

- алдын ала ықтимал рецензиялау арқылы жағдаяттарды шешудің әзірленген нұсқаларын талқылау, оларды бұқаралық қорғау, т.б.;
- сабақ жүргізетін мұғалімнің қорытынды жасауы және нәтижелерді бағалауы. Жағдаятты талдау және шешу қарастыру әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Нақты жағдаяттар әдісінің аталған нышандары оны тиімді қолдану саласын айқындайды. Әдетте статикалық жағдайдағы жеке ұйымдастырушылық, экономикалық не басқарушылық міндет қарастырылған жағдайларда аса орынды болатыны анық. Ықтимал шешу жолдары сандық не сарапшылық тұрғыдан бағалануы мүмкін, бұл аяғында олардың арасындағы ең орындыларын қабылдауға мүмкіндік береді. Әдетте ең жақсы жолы алдын ала бекітілген дұрыс және айқын шешім болмайды, сабаққа қатысушылар ұсынған материалдарды ескере отырып, жетекші тарапынан қалыптасады.

Оқу үдерісіндегі міндеттеріне қарай жағдаяттардың төрт түрін ажыратамыз: проблемалық жағдаят, бағалау жағдаяты, иллюстрациялы жағдаят, жаттығу жағдаяты.

Проблемалық жағдаят шынайы өмірдегі факторлардың белгілі бір үйлесімін білдіреді. Қатысушылар шешім табуға тырысатын не шешімнің мүмкін еместігі туралы тұжырымға келетін басты тұлғалар болып табылады.

Бағалау жағдаяты шығу жолы айтарлықтай дәрежеде табылған жағдайды сипаттайды. Сонымен қатар бұрын қабылданған шешімдерге сыни талдау жүргізіледі. Болған оқиғаға қатысты себепті қорытынды жасалады. Тыңдаушылардың ұстанымы – іс жүзінде бейтарап бақылаушының көзқарасы.

Иллюстрациялы жағдаят негізгі тақырыпқа қатысы бар және мұғалім ұсынған қандай да бір күрделі рәсім не жағдаятты білдіреді. Ол пайымдаудағы дербестікті аз деңгейде ынталандырады. Бұлар – ұсынылатын мәнді түсіндіретін мысалдар, алайда оларға қатысты сұрақ не келісім білдіруге болады, онда иллюстрациялы жағдаят бағалау жағдаятына ауысады.

Жаттығу жағдаяты бұрын қабылданған қағидаларды қарастырады және қойылған мәселелердің айқын және даусыз шешімдерін талап етеді. Жаттығу жағдаяттары зерттелетін мәселеге қатысты деректерді өңдеу не табудағы оқушылардың белгілі дағдыларын (іскерліктерін) дамытуы мүмкін. Жаттығу жағдаяттары негізінен машықтану сипатында болады, тәжірибе жинақтауға көмектеседі [15].

Нақты жағдаяттарды талдау бойынша бірнеше жұмыс әдістері белгілі:

- сабақ жетекшісі ұсынған және қатысушыларға алдын ала зерттелген нақты жағдаятты рольмен ойнау. Мұндай сабақ проблемалық жағдаятты рольдік ойынға айналдыруы мүмкін;
- мұғалім ұсынған нақты жағдаятты ауызша не жазбаша ұжымдық талқылау. Бұл нақты жағдаяттың мәтіні шағын болып, оқушы оны жеңіл қабылдай алатын болса, мүмкін болады.

4. Интерактивті оқыту әдісі. Интерактивті («inter» – өзара, «act» – әрекет жасау) біреумен өзара әрекеттесу, әңгіме, диалог режимінде болу дегенді білдіреді. Басқаша айтсақ, белсенді әдістерге қарағанда интерактивті әдістер

оқушылардың мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен кеңінен өзара әрекеттесуіне және оқыту үдерісінде оқушылардың белсенділігінің басымдылығына бағытталады. Интерактивті сабақтардағы мұғалімнің орны оқушылардың іс-әрекетін сабақ мақсаттарына жету үшін бағыттаумен шектеледі. Сонымен қатар мұғалім сабақ жоспарын (әдетте бұл – интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар, оларды орындау барысында оқушы материалды зерделейді).

Тиісінше оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар интерактивті сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері болып табылады. Интерактивті жаттығулардың маңызды ерекшелігі – оларды орындай отырып, оқушылар бұрын оқылған материалды бекітіп қана қоймайды, жаңа материалды меңгереді.

Білім алушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар интерактивті тәсілдердің тірегі болып табылады. Интерактивті жаттығулардың негізгі ерекшелігі – олар бұрын оқылған материалды бекітуге ғана емес, жаңа материалды меңгеруге бағытталады.

Интерактивті өзара әрекеттің басты белгілері:

Плюрализм. Бұл – қарастырылатын кез-келген проблемаға қатысты педагогикалық үдерістің әрбір қатысушысының жеке көзқарасының болу мүмкіндігі.

- Диалог. Педагог пен оқушылар арасындағы қарым-қатынас диалогы олардың бірін-бірі тыңдау және есту, бір-біріне көңіл бөлу, проблемаға қатысты өз көзқарасын, міндетті шешуде өз жолын қалыптастыру іскерліктерін талап етеді.

- Ойлау іс-әрекеті. Ол педагог пен оқушылардың белсенді ойлау іс-әрекетін ұйымдастыруда жатыр. Педагогтың оқушылардың санасына дайын білімді көшіруі емес, олардың дербес танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру.

- Мағыналы шығармашылық. Бұл – оқушылар мен педагогтың зерттелетін проблемаға қатысты өздері үшін жаңа мағынаны саналы түрде қалыптастыру үдерісі. Бұл – өмір құбылыстары мен заттарына деген жеке көзқарасын білдіру.

- Таңдау еркіндігі.

- Табыс жағдаятын қалыптастыру. Табыс жағдаятын қалыптастыру үшін басты шарттар – оқушыларды оң және оңтайлы бағалау.

- Рефлексия. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың өз іс-әрекетін, өзара әрекеттесуін өзіндік талдауы, бағалауы.

- Сыни ойлау. Сыни ойлау маңызды дағды ретінде оқулықта берілген барлық тапсырмаларда байқалады.

- Кері байланыс ұсыну.

Қазіргі белсенді оқыту әдістері - оқушылардың ойлауын жандандыруға бағытталған, оқу үдерісінің интерактивтілік, ынталандыру және эмоциялық қабылдаудың жоғары дәрежесімен сипатталатын және:

- оқушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекетін жандандырып дамытуға;
- оқу үдерісінің нәтижелілігін жоғарылатуға;
- кәсіби құзіреттіліктерді, әсіресе ұжымдық жұмысты ұйымдастыру

және атқаруда қалыптастыру және бағалауға мүмкіндік беретін әдістер.

Заманауи білім беру технологияларының бөлінбес және маңызды құрамдас бөлшегі ретінде белсенді оқыту әдістерін қолдану мұғалімдер мен оқу үдерісін ұйымдастырушыларда арнайы білім мен практикалық тәсілдердің қалыптасу қажеттілігін тудырады, бұл осы басылымның мақсаты болып табылады.

Қазіргі кезде интерактивті әдістердің ауқымы кең, олардың арасындағы келесі тәсілдерді қарастырамыз:

1) Ми шабуылы не ми қамалы – проблеманы шешу үшін идеяларды ұжыммен қалыптастыру және оларды конструктивті түрде ойластыру әдісі.

Ми шабуылы барысында проблеманы шешу уақыт тұрғысынан үш кезеңге бөлінеді:

- идеяларды кездейсоқ қалыптастыру сеансы;
- ең үздік идеяларды іріктеу мақсатында ұсынылған идеяларды конструктивті сынға алу және ойластыру сеансы;
- Іріктелген идеялар негізінде шешімдерді жобалау.

Мысалы: «Геоэкономика» бөлімі «Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі» тақырыбының оқу мақсаты: 10.4.1.1 - геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру. геоэкономиканың қандай бағыттары болуы мүмкін? Ол бағыттар қандай мақсатты көздеуі мүмкін? тәрізді сұрақтар арқылы миға шабуыл әдісін қолдануға болады.

Оқу мақсаты: 10.4.1.2 - геоэкономиканың негізгі категорияларын түсіндіру.

Миға шабуыл: геоэкономиканың қандай категориялары бар? не себепті бір категориялар негізгілер санатына жатады?

Оқу мақсаты: 10.4.1.3 - геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтарды анықтау.

Миға шабуыл: геоэкономика мен экономикалық арасында қандай айырмашылық бар? Балалар өз ойларын дәлелдеулері тиіс.

Кластерлер (ағл. Cluster - «жүзімнің шоқтары» деген мағынада) – идея мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Мұнда негізгі тақырып (тірек сөз, басты идея) тақтаның (дәптердің) ортасына шеңберге жазылады да, одан туындайтын тақырыпшаларды студенттер оның жан-жағына жазып, шеңберлеп бір-біріне қосады да, өз-ара байланыстары туралы әңгімелейді. Кластерлер білім алушының жеке орындауынан басталып, одан кейін жұмыс жұпта немесе шағын топта (4-6 адам) жалғасады.

Мысалы, ең алдымен тақтаның ортасындағы дөңгелекке немесе дәптердің ортасына сөз не сөйлем жазу сұралады. Мысалы, «Геосаясат» деген сөз. Сосын «Геосаясат дегенді қалай түсінесіңдер?» деген сұрақ тастауға болады. Ол сөзді оң жағына дөңгелекшенің ішіне жазып негізгі сөзбен екеуінің арасын тіке сызықпен қосамыз. Енді біз оқушыларды өз көзқарастарын айтуға шақырамыз. Бұл пікірлерді «Геосаясат дегенді қалай түсінесіңдер?» деген дөңгелектің айналасына топтастырып, жаңа дөңгелектерге жазып онымен қосуларын сұраймыз. Егер білім алушы «бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс» десе,

«әдіс» деген сөз жаңа дөңгелекшеге жазылады. «Бір мақсатқа жету үшін билікті тудыру және оны сақтауды бейнелеу үшін қолданылатын әдіс» деген пікір айтылса «әдіс» сөзінің маңайына серік-сөздер (билік, сақтау) жазылады. Білім алушылар кластерді орналастырып болған соң, олардан қай жерде ақпарат аз екенін көрсетуді сұраймыз. Егер олар бір нәрсеге күдіктенсе, сол жерге үлкен сұрақ белгісін қою керек. Содан соң ненің дұрыс болғанын, қай жері дұрыс емес екенін, қандай тұстары анықталды соған көңіл бөлуін сұраймыз. Мұндай кластерді тақырыпты қорытындылау бөлімінде рефлексия түрінде беруге болады, сонда оқушының тақырыпты қалай меңгергендіктері байқалады.

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны.

Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

География сабағанда картамен жұмыс жасағанда, теоремаларды, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін. Мысалы, «Тізбектің шегі» тақырыбында дәріс сабағының рефлексия бөлімінде «Пазл» ойынын жүргізуге болады. Білім алушыларға бір тапсырманың өзін үш карточка арқылы беруге болады. 1-ші карточкада – анықтама берілсе; 2-ші карточкада – материктің бейнесі бөлшектеліп; 3-ші карточкада – осы материкті айқындайтын белгілер (мекендейтін жануарлар, ірі өзендерінің атау т.б.) арқылы қысқа жазылуы.

Шығармашылық тапсырма беру кезінде мұғалім сабақ соңында интеллект-карта үлгілерін көрсете алады. Мұндай тапсырма қазақстандық мұғалімдер үшін жеткілікті деңгейде таныс және кәсіби лексикада көбінесе «кластер» ретінде қолданылады. Оқушылардың назарын оқулықтың тиісті параграфында интеллект-карталарды құрастыру жөніндегі нұсқаулар мен графикалық материалдың осы түрінің шартты мысалы берілгеніне аудару қажет.

Интерактивті әдістің негізін интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар құрайды. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың әдеттегілерден басты айырмашылығы олар меңгерілген материалды тек бекітуге ғана емес, жаңаны оқып-үйренуге бағытталған.

Тренинг (ағылш. «to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интерактивті жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар:

- оқушылар бір-біріне бетпе-бет отыратындай етіп айналдыра орындықтар қоюға мүмкіндігі бар кең бөлме (бұл жағдайда еркін пікір алмасуға, жаттығулар мен серігу кезеңдерін жүргізуге ыңғайлы болады. Бір-біріне сенімділік артып, қызығушылық танытады, ынталы болады);
- тренингке қатысушылар саны 20-25 адамнан аспау. «бұл сенім атмосферасын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны) [14];

- бүкіл тренинг бойында достық көзқарастағы сенімді атмосфераны жасау және қолдау;
- тренингке қатысушыларды марапаттап отыру және барлығының оған қатысуын қадағалау;
- оқытушы-жаттықтырушы өз пікірін ұсынбай-ақ қатысушыларды сабақтың мақсатын орындауға жетелеу керек;
- оқытушы-жаттықтырушы әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтау керек;
- тренингтің бірінші сабағында «танысу» жаттығуы өткізіледі және «келісім» (топтық жұмыс ережесі) қабылданады;
- теориялық жадығат пен интерактивті жаттығулардың, серігудің арасында сабақтастық болуы керек;
- кез-келген тренинг сабақ басталарда сол сабақтың мақсаты мен міндеттерін айту, ал соңында қортындылау;
- кез-келген тренингке қандай мақсат қойылса да, әрдайым танысу мен жұмыс ережесін жасаудан бастау.

«Даналық ағашы» әдісі:

Ойынның шарты: әр оқушы тақырып бойынша бір сұрақтан жазып сандықшаға салады, әр оқушы бір бірден алып жауап беру тиіс.

«INSERT» әдісі тақырыпты оқып, белгілер қою: «v» - бұрын білгені, «+» бүгінгі білгені, «?» - қызық болғаны (ұнағаны), «!» - мәтіндегі түсінбегені бойынша белгілер қояды [16].

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі. Оқушы сабақты тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

бірінші («қанатша») бағанға оқушы сабақта кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушы осы сабақта өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы сабақта келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Сабақтың әр бөлігінен кейін оқушылар өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырады. Ал оқытушы бұл тәсілді шығармашылық түрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуіне болады [16].

Мысалы, тақырыбы бойынша оқушылар келесі түрдегі кестені толтырады:

V + мен

«Бұрыннан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағанымға қайшы, кереғар»	«Қайда қолдана аламын»
--------------------	----------------	------------------------------------	------------------------

Инфографика. Мәтін мен графиканың кез-келген тіркесімін, ақпарат, деректер мен білімді жеткізудің графикалық тәсілін инфографика деп атауға

болады. Күрделі ақпаратты жылдам және анық ұсыну қажет болған кезде қолданылады. Алайда инфографиканы пайдаланып қана қоймай, құру да керек – бұл кез-келген істе табыс үшін пайдалы.

Инфографика ерекшеліктері: ұсынылатын ақпаратпен ассоциативті жағынан байланысқан не ұсынылатын деректердегі өзгеріс бағыттарының графикалық бейнесі болып табылатын графикалық нысандар, көрнекі көрсетілім, тақырыпты анық және ойластырып ұсыну.

Инфографика табысының құрамдас бөліктері: тартымды, түсінікті тақырып, байсалды, әдемі, тиімді дизайн, сандар толық мағлұмат бере алады, ішкі тұтастық, эмоционалды түстер, сапалы диаграммалар, масштаб таңдау, қызықты фактілерді таңдау, визуализация, қарапайымдылық, дерек көздерінің беделділігі және дәйектілігі.

Инфографиканың кейбір категориялары:

- Суреттегі сандар: сандық деректерді анағұрлым түсінікті етуге мүмкіндік беретін ең кең тараған категория,

- Кеңейтілген тізім: статистикалық деректер, уақыт желісі, қарапайым фактілер жиынтығы бейнеленуі мүмкін,

- Үдеріс және перспектива: күрделі үдерісті бейнелеу не кейбір перспективаны ұсыну үшін қолданылады. Сандық деректерден құрылмауы да мүмкін [17].

Бейнелеу тәсіліне қарай инфографика келесі түрлерге бөлінеді:

- Статикалық инфографика – анимация элементтері жоқ жеке суреттер;
- Динамикалық инфографика – анимацияланған элементтері бар инфографика. Бейнеинфографика, анимацияланған суреттер, презентациялар динамикалық инфографиканың негізгі ішкі түрлері болып табылады.

Мысалы: «Елтану» бөлімі.

Топпен жұмыс. Осы бөлімнің тақырыптары бойынша инфографика құрыңдар. Әр топ бір тақырыпшаны таңдайды.

Инфографика түсіндіру арқылы бүкіл сыныпқа ұсынылуы тиіс. Өз инфографикаларыңның презентациясы барысында негізгі назарды тақырыптың ашылуына аударыңдар.

Инфографиканы қалай құрастыруға болады?

Әдетте жазатын тақырыппен байланысты жақсы бір идея туралы ойланыңдар. Қызықты фактілер мен статистика іздестіріңдер. Нақты және маңызды дәйектер дайындаңдар. Қорытынды жасаңдар.

Өз деректеріңді ұсынудың ең сәйкес келетін форматын ойластырыңдар. Инфографика көп түрлі форматтарда болады, сондықтан өз статистикаларыңды қалай көрсеткілерің келетінін ойластырыңдар: бұл уақыт шкаласы, қозғалмалы сызба, түсініктемелері бар карта, график, диаграмма, қандай да бір құбылыстарды көлемі және құндылығына қарай салғастыру болуы мүмкін.

Негізгі тұстарды жылдам жеткізуді мақсат етіп қойыңдар. Жеңілдетіңдер! Бір суретте тым көп ақпарат ұсынбаңдар.

Сай келетін және назар аудартатын түс тәсімін анықтап алыңдар.

Инфографикаларыңдағы фактілер арасындағы байланысты анықтаңдар.

Инфографиканы табысты құрудың үш басты сатысы бар:

1) қандай ақпарат түрінің ұсынылатынын анық түсіну: кеңістік, хронологиялық, сандық не аралас комбинациялар;

2) ақпараттың тиісті бейнесін біртұтас, яғни карталар, сызбалар бен диаграммалар жиынтығынан үлкен түрінде түсіну;

3) қажетті презентация типін таңдап алу – статикалық, динамикалық не интерактивті.

Саралап оқыту әдісі

География пәнін оқытуда білім алушылардың деңгейлерін анықтау және оқу сапасын жоғары деңгейге көтеру мақсатында деңгейлеп саралап оқыту тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Саралап оқыту әдісі мынадай факторларға байланысты туындайды. Балалар әртүрлі мүмкіндіктермен туылады. Әр балада өзіндік қабілеті, темпераменті, мінез-құлқы, ерік-жігері бар. Бұл ерекшеліктер дамиды, өзгереді, түзетуге келеді. Саралау әдісінде оқушылардың жеке айырмашылықтары есепке алынуы тиіс.

Саралаудың мынадай түрлері бар:

Мазмұны бойынша саралау – ақпарат алу.

Оқу стилі бойынша саралау – мазмұнды қабылдау, зерттеу, ұғынуын көрсетудегі өздері ұнатқан артықшылықтарға негізделеді.


Қызығушылық бойынша саралау – оқушының назарын тартып, әуестігі мен еліктеушілігін оятады.

Білім алу деңгейі бойынша саралау – оқушылардың ағымдағы нақты білім, түсініктер мен дағдыларды меңгеру деңгейі.

Өнім бойынша саралау – өнім арқылы мазмұнды түсінуді көрсету.

Процесті саралау - алынған ақпаратты түсіндіру [18].

Саралап оқыту әдісі оқушының табысқа жетуінде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, жаңа білімдер алуға құлшыныс тудыруда айтарлықтай нәтиже береді. Саралап оқытудың негізгі құрылымы 10-суретте көрсетілген.



10-сызба. Саралау әдістері

Саралау әдісін жүзеге асыру жолдары:

Видео	Веб-парақша	Жазбаша есеп	Фоторепортаж
Эссе	Көрме	Карта	Презентация
Плакат	Репортаж	Көрсетілім	Сызба

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ұтымдылығы бұл технология оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған. Бірінші деңгейдегі тапсырма мемлекеттік стандарттық деңгей болғандықтан мұны оқшылардың барлығы орындауға міндетті. Екінші-үшінші деңгей бірте-бірте күрделене түсетіндіктен оқушылар бұл тапсырмаларды құқылы, ал төртінші деңгей тапсырмаларын шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар ғана орындайды. Әрине, барлық оқушы 4-деңгейді түгел орындап шыға алмауы мүмкін.

Бірақ 1-2 деңгейді білім алушылардың барлығы дерлік орындай алады, ал білімді, алғыр оқушылар 3-4-деңгей тапсырмаларын орындап алға озып кетуі ықтимал. Олай болса, деңгейлеп оқыту білім алушылардың мүмкіндік және міндетті деңгейін анықтай отырып, оқу жетістіктерін, нәтижесін тексеруде ұтымды деп танылған педагогикалық әдістердің бірі ретінде қолданылады.

Білімді бақылау кезінде саралау білімді тереңдете түседі және ішкі сенімді арттырады. Әртүрлі тексеру түрлерін қолдану: өзін-өзі тексеру, өзара тексеру, тест тапсырмаларын көрсету білім деңгейіне байланысты жүргізіледі.

Сонымен, саралап оқыту – бұл мұғалімнің білім алушыларға, олардың типтік ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың әртүрлі кезеңдерінде тапсырмаларды саралау арқылы жүретін мақсатты қарым-қатынасы болып табылады.

Жобалау әдісі

Сабақта оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды әдістерінің бірі – жобалау әдісі. Бұл әдіс оқушылардың белгілі бір мәселені өз бетінше зерттеуінен тұратын оқу-танымдық іс- әрекеттер жиынтығын қамтиды.

Жобалау әдісі - бұл білім алушылар өздері ғылыми ізденетін жол. Олар оқыту жағдайын өздері қалыптастырады және дамытады. Олар әртүрлі іс-әрекеттерде өздерін сынап, өздерінің қалаулары мен мүдделерін анықтайды.

Сабақта жобалау қызметі мұғалім мен оқушының ынтымақтастығына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған, үздіксіз білім беру үдерісінде бағалау нысаны болып табылады, оқушылардың кәсіби-маңызды іскерліктерін ерте қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі жеке тұлғаның өзіндік және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Жоба әдісінің негізгі идеясы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің белгілі бір практикалық немесе теориялық маңызы бар проблеманы шешу кезінде алынатын нәтижеге бағытталуы [19].

Жоба әдісін тәжірибеде қолдану педагогтың рөлі мен функциясының өзгеруіне әкеледі. Мұғалім өз оқушыларының танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы, кеңесші, серіктес болып табылады.

Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушыларда жаңа білім мен білік тілікті арттыру талабы пайда болады. Курс бойынша жеке тақырып немесе тарау бойынша жұмыс істеу дағдыларын бекіту процесі жүреді.

Білім алушыларды оқыту барысында жобалау мен зерттеу қызметіне қойылған міндеттер мынадай болуы мүмкін:

- оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- мәселені қою, оларды шешу жолдары мен тәсілдерін іздеу және табу құзыреттіліктері мен дағдыларын дамыту;
- оқытуды ынталандыру және өз бетінше іздеу үшін жағдай жасау;
- оқушылардың өз іс-әрекеттері үшін жеке (жеке) жауапкершілігінің негіздерін қалау, қабылданатын шешімдер, өзін-өзі бағалау;
- тұлғаның коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
- күнделікті өмірде білімді қолдану қабілетін қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықты дамыту.

Жоба тақырыптарын анықтау кезінде оқытушы мен оқушылардың біліктілігі көрінеді. Жобалық қызмет үшін өткен бөлімдер бойынша тақырыптар алуға болады.

Жобалау жұмыстарының түрлеріне: зерттеу жобасы, ақпараттық жоба, шығармашылық жоба, рөлдік ойын жобасы және т.б. жатады.

Ұзақтығына байланысты жобаларды шағын жобалар (бір сабақ, бір немесе бірнеше апта ішінде), Орта мерзімді жоба (бір немесе бірнеше ай ішінде), ұзақ мерзімді жоба (жыл бойы) болып бөлуге болады.

Жобалау әдісін пайдалануға қатысты негізгі талаптар:

- әртүрлі пәндік салалар бойынша біріккен білімді және зерттеу ізденісін талап ететін проблемалық мәселенің болуы;
- күтілетін нәтижелер іс жүзінде және танымдық маңызды болуы тиіс;
- оқушылардың өзіндік, зерттеу қызметі, зерттеу әрекеті;
- жобалық жұмыс құрылымының мазмұндылығы;
- зерттеу әдістерін қолдану [20].

Жоба барысындағы әрекеттер:

- Оқушылардың қандай да бір мәселеге немесе тақырыпқа қызығушылықтарын арттырады.
- Мұғалім жобалау жұмысының шарттарын түсіндіреді.
- Қатысушылар басты тақырыпты анықтайды.
- Сынып топтарға бөлінеді, олардың әрқайсысы тақырыпты әзірлейді, қандай да бір идеяны ұсынады.
- Сынып ең қолайлы идеяларды таңдайды.
- Жұмыс топтары құрылады, онда қатысушылар идеяларды іске асыру үшін қажетті қызмет бағыттарын анықтайды.
- Жұмыс топтары зерттеу жүргізу үшін әдістер мен құралдарды таңдайды (зерттеу жобалары) іс-қимылдың егжей-тегжейлі жоспарын (практикалық жобаларды) әзірлейді және жүзеге асырады.
- Теориялық жобаларды әзірлей отырып, топтар зерттеу жұмыстарын жүргізеді: эксперименттер, сауалнамалар, сұхбаттар, бақылау. Топтар рефераттар, хабарламалар, аудио немесе бейне материалдар түрінде жеке кезеңдерді көрсете алады.
- Жұмыс нәтижелерін жалпы қорытындыға біріктіреді.

- Зерттеу нәтижелерін таныстыруды жүзеге асырады немесе әзірленген жоспарды енгізеді.

- Жұмыс нәтижесі мен процесіне бағалау жүргізіледі.

Сын тұрғысынан ойлау

Білім алушылардың ой-өрісін, мәселелерді табу және шеше алу сияқты шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте жемісті нәтиже береді.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін технологияны қолданудың үш негізгі кезеңі бар: шақыру, ойлау, рефлексия.

Бірінші кезең – шақыру. Осы кезеңнен бастап әр сабақ басталады. Оның міндеттері: тақырыпты анықтау және жинақтау, зерттелетін тақырыпқа қызығушылық туғызу, оқушыларды белсенді жұмыс істеуге ынталандыру.

Екінші кезең – ойлау. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпарат алады, оны түсінеді, бар білімдерімен ой түйеді.

Үшінші кезең – бұл рефлексия. Ол: тұтас түсінік, алынған ақпаратты қорыту, жаңа білімдерін, жаңа мәліметтерін беру, зерттелетін материалдарға әрбір білім алушының өз көзқарастарын қалыптастыру [21].

Сыни ойлау дағдылары келесі компоненттерді қамтиды:

- проблемаларды шешудегі басымдықтардың, иерархияның және кезектіліктің маңызын түсіну;
- тиісті ақпаратты жинау;
- белгіленбеген жорамал мен құндылықтарды мойындау;
- тілді түсіну және нақты, анық және түйсіне қолдану;
- дәлелдер мен дәйектерді бағалау, деректерді интерпретациялау;
- тұжырымдар арасындағы логикалық байланыстардың болуын (немесе болмауын) белгілеу;
- шынайы қорытындылар мен шолу жасау;
- жасалған қорытындылар мен шолуларды сараптау;
- алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету;
- күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты нәрсе (құбылыстар мен т.б.) туралы бара-бар пікір қалыптастыру [22].

Төмендегі кестеде сыни ойлаудың әдістемелік әдістері ұсынылады (2-кесте).

2-кесте – Сыни ойлаудың әдістемелік әдістері

Сабақ құрылымы		
«Шақыру»	«Ойлау»	«Рефлексия»
- бар білімді жетілдіру; - жаңа ақпаратты алуға қызығушылықты ояту; - білім алушының өз жеке мақсаттарын айқындау	- жаңа ақпарат алу; - тақырыпқа қызығушылықты сақтау; - білім алушылардың мақсаттарына түзету енгізу	- рефлексия, жаңа білімнің пайда болуы; - білім алушының жаңа оқу мақсаттары; - болашақты жоспарлау

Сыни тұрғыда ойлау дайын жауаппен емес, сұрақтар мен проблемалардан басталады. Оқытудың бұл технологиясы көптеген әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Мысалы, *INSERT* (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) әдісінде:

«INSERT» әдісі тақырыпты оқып, белгілер қояды: «v» - бұрыннан білетіндері, «+» бүгінгі сабақтан білгені, «?» - оқушы үшін қызықты болғаны, «!» - түсінбегені бойынша белгілер қояды.

Оқушы сабақты тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

- бірінші («қанатша») бағанға оқушы сабақта кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

- екінші («плюс») бағанға оқушы осы сабақта өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

- үшінші («минус») бағанға осы сабақта келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

- төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Сабақтың әр бөлігінен кейін білім алушылар өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғаны орынды. Ал мұғалім бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуіне болады [23].

Мысалы, тақырып бойынша білім алушылар келесі кестені толтырады:

«v»	«+»	«-»	«?»
«v» (иә) белгісін өзіңіз келісетін болсаңыз, қойыңыз	«+» (плюс) белгісін ақпаратты өзіңіз үшін жаңалық деп есептесеңіз, қойыңыз	«- » (минус), егер ойыңызға қайшы келсе, қойыңыз	«?» өзіңізге түсініксіз болған жағдайда қойыңыз

Бұл білім алушыға өз оқыған мәтінін түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Инсерт» технологиялық әдісі ескі ақпараттан жаңасына өтуге мүмкіндік береді. Оқылған тақырып бойынша келесідей кестені де толтыруға болады, онда «v» – жаңа ақпарат, «+» – өте құнды мәлімет, «-» – ал менде басқаша, «?» – онша түсінбедім, таңғаламын дегенді білдіреді.

3 «ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІНЕН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Қысқа мерзімді жоспарлар «География» пәні бойынша орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлардың мақсаттарына қол жеткізуге қажетті сабақтардың мазмұнын бағдарлауға арналған нақты әдістемелік ұсынымдардан тұрады. Жоспарлаудың тәсілдерінің арасында өте тығыз байланыс бар.

Қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ) орта мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларда айқындалған мақсаттарға қол жеткізуге қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерінен тұрады. Қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ) оқу бағдарламасын сабаққа құрылымдайтын мұғалімнің өзі жеке жүзеге асырады.

10-11-сыныптарда «География» пәнінен сабаққа қысқа мерзімді жоспар дайындамас бұрын ұзақ мерзімді жоспардағы тараулардың тоқсандық бөлінісіне мән беру ұсынылады. Себебі, ұзақ мерзімді жоспардың негізінде орта мерзімді жоспар құрылуы керек. Орта мерзімді жоспарды тарау бойынша немесе тоқсан бойынша бөліп жасауға болады. Әрбір сабақтың қысқа мерзімді жоспарын орта мерзімді жоспарға сүйеніп жасау, мұғалім үшін түпкілікті күтілетін нәтижені болжауға мүмкіндік береді. Орта мерзімді жоспардың кезеңдеріне сәйкес оқу іс-әрекетінен күтілетін нәтиже болжамдарымен оқушыларды да таныстыру, олардың білім алуындағы мақсаттарына айқындық енгізеді.

Оқу бағдарламасына қарағанда оқу жоспарлары ұсынымдық сипатта жасалады, сондықтан мұғалім өзінің әрекет түрлерін бейімдей алады, яғни білім алушылардың қызығушылықтарына, деңгейлеріне және қажеттіліктері мен жас ерекшеліктеріне қарай өзінің баламалы ресурстарын іріктей алады.

Қысқа мерзімді жоспарды – немесе сабақ жоспарын – орта мерзімді жоспардың соңында ұсынылған үлгі бойынша мұғалімнің өзі дербес жасайды. Бұл жерде оқытудың ыңғайына және балалардың жеке ерекшеліктерінің есепке алынуына назар аудару қажет. Егер сыныпта білім алуда ерекше қажеттілігі бар балалар болса, сабақтың құрылымы мен мазмұнын, бағалау механизмін келесі әдістемелік ұсынымдардың көмегімен жетілдіруді ұсынамыз:

1. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жаңартылған оқу бағдарламаларын іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»

2. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үдерісіне тиімді әдістемелер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар»

Аталған әдістемелік ұсынымдар Академия сайтында www.nao.kz қолжетімді [21,22].

10–11-сыныптарға арналған «География» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлаудың мазмұндық құрылымын айқындау үшін «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында білім алушылардың зерттеу іс-әрекетінің ұйымдастырылуына назар аудару қажет.

Осыған байланысты оқу бағдарламасының мазмұндық негізіне құрылған, оқу материалын зерделеуге арналған шиыршық түрдегі қағидасын, сондай-ақ сыныптар мен тоқсандар бойынша алдыңғы сыныптарда өткен тақырыптарды қайталау арқылы материал мазмұнын құрылымдауды есепке алған жөн.

- жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру;
- әр сабақты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау;
- сабақ беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту;
- күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабақ берудің міндеттерін айқындау;
- оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған оң динамиканы қамтамасыз ету;
- барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау.

Осыған байланысты сабақтың өту және оқыту мақсаттарын реттеуді айқындайтын келесі сұрақтар туындауы тиіс:

Сіздің ойыңызша білім алушылар қандай білімді меңгеруі тиіс?

Білім алушылар қандай кілттік идеяларды ұғынуы тиіс?

Білім алушылар қандай мәселелерді зерттеуі және талдауы тиіс?

Мәселен, оқыту мақсаттары (Блум бойынша).

Білім алушылар: ... біледі.

... түсінеді.

... ойланады.

Орта мерзімді жоспарлауды әзірлеу барысында пайдаланылатын сабақ берудің белсенді стратегиясын, сабақтардың мақсатын жазу, оқытудың нәтижелерін айқындау үшін, бағалаудың әдістері мен әр сабаққа қажетті ресурстардың тізімін жасау үшін арнайы кестенің формасын пайдалануға болады.

ҚМЖ-ді құруда бір жағынан жүйелі, стандартталған тәсіл керек болса, екінші жағынан әрбір мұғалімнің шығармашылық танытуына мүмкіндік қалдыру қажет. Қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімнің жеке-дара жұмыс жасауына жағдай туғызады, себебі жоспардың тиісті бөліктерін сабақ түрі мен пәндік саланың ерекшелігіне қарай өзгертуге болады. Сонымен бірге ҚМЖ бөлінетін сағат санын, мұғалім мен білім алушы өзара қызметін ескеретіндіктен, сабақты ұтымды құрылымдауға, рефлексиялауға және уақытты үнемдеуге жәрдемдеседі.

ҚМЖ мақсаты нақты сабақ аясындағы жұмыстың ұғымын түсіндірумен, аталған сабақтың оқыту мақсаттарын айқындаумен, нәтижелерін өлшеуді ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Аталған сабақ аясында оқыту прогресін қамтамасыз ету және нақты тапсырмаларды орындауда барлық білім алушыларды тарту үшін, білім алушылардың түрлі типін оқытуға бағытталған қандай тапсырмалар жүзеге асырылатындығын алдын ала қарастыру маңызды.

Жоғарғы сыныпта «География» пәнінен сабаққа қысқа мерзімді дайындаудың бірнеше маңызды ерекшеліктеріне тоқталуымыз, мұғалім үшін қажетті тұжырымдарды беруге негізделген:

- *бірінші ерекшелігі* орта мектептің бағдарламасында көзделген ұғымдар, теорияларды неғұрлым терең және толық зерттеу қажеттілігі болып табылады. Бұл, бірінші кезекте, білім алушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыру қажеттілігімен байланысты. Мысалы, мұғалімдер әр түрлі тақырыпты оқыту кезінде фактілерді келтірумен шектеледі, бірақ мұндай оқыту жаңартылған білім беру мазмұнының аясында пәндерді тереңдете оқытатын жоғарғы сыныптар үшін жарамсыз. Себебі, «География» пәнінің базалық білім мазмұны негізгі мектеп деңгейімен аяқталады;

- *екіншіден*, білімді қатаң логикалық сабақтастықта беру қажеттілігі талап етіледі. Оқушыларға материалды баяндаудың неғұрлым қатаң логикасы оқытылатын құбылыстардың логикасына терең еруге және оңтайлы жолмен жоғары деңгейдегі білімге келуге мүмкіндік береді, осылайша, ішінара оқу материалын еселеу болмайды;

- *үшінші ерекшелік* бойынша, мұғалім өз пәнін терең білуге ғана емес, сонымен қатар оны заманауи деңгейде білуге, жаңаша басылымдардан хабардар болуға, көп оқуға және көп ізденуге тиісті. Өйткені, қазіргі балалар бір немесе бірнеше пәнге қызығушылық білдіре отырып, көп оқиды, ғылыми-танымал, кей кезде тіпті ғылыми журналдардан оқып ізденеді және көп нәрсені түсіне алмай, мұғалімге көптеген сұрақтармен жүгінеді. Бұл сұрақтарға мұғалімнің дайындығы болуы тиіс, түптеп келгенде бұл оның жұмысының оң бағалануының шарты болып табылады;

- *төртінші ерекшелігі*, жақын салалас пәндерден алған білімдерін барынша кеңінен пайдаланудың орындылығы және мүмкіндігі болып табылады. Осылайша, «География» пәнінен алған білімдерін басқа пәндерден қолдана алады және т.б.


Мұғалімдерге пәндерді тереңдетіп оқыту бағдарламасын өте аз көлемде кеңейтіп отыру ұсынылады. Мысалы, жаңа материалды енгізу бүкіл курсты мазмұндау логикасын айтарлықтай жақсартатын болса. Деңгейі жоғарылатылған курстың жалпы мектеп курсынан басты айырмашылығы, берілген білімді меңгеру тереңдігінде және практикалық іс-әрекетке қолдана алуында жатуы тиіс.

Білім алушы бір ғана оқу пәніне бейімділік танытып қана қоймай, бірнеше жақын пәндерге қызығушылық білдіруі мүмкін. Бұл әсіресе бейіналды оқыту жағдайында кездеседі. Ал жоғарғы сыныптарда, кәсіби бағдар беру табалдырығында тұрғанда, мамандықтарға қызығушылық таныта бастайды. Бұл географияны оқытуда саралап оқыту (дифференциация) мәселесінде белгілі бір сақтық танытуға міндеттейді. Қамту аясы тар көлемде саралап оқытуға ұмтылудың қажеті жоқ, одан гөрі жақын пәндерді топтау бойынша кең ауқымда қамтыған жөн. Жұмыс бағытын базалық, мектеп және оқушы компоненттерін қамтитын, төмендегі цикл негізінде құруға болады:

- 1) тереңдетіліп оқытылатын оқу пәні;
- 2) қолданбалы курс, ол бойынша бір жағынан пәнді тереңдетіп оқыту жалғасады, ал екінші жағынан, аталған курс базасында практикалық даярлау жүзеге асырылады;

3) негізгі пәнді оқуда маңызды болып табылатын қосымша пән (негізгіге жақын).

5-сурет. Жұмыс жүйесін анықтайтын тұйық цикл.



Орта мерзімді жоспар тақырыптан, оқу мақсатынан, әдіс-тәсілдерден, күтілетін нәтижеден, ресурстарға сілтеме және мұғалімнің рефлексиясынан тұрады. **Орта мерзімді жоспарды әзірлеу келесі жолмен жүзеге асырылады:**

- жұмыс кезеңділігінің ретін анықтау;
- жаңа тиімді тәсілдерді сабақ беру практикасына енгізу;
- сабақтар топтамасындағы әр сабақтың оқу мақсаттарын нақтылау;
- нәтижені өлшеудің әдістері мен тәсілдерін анықтау;
- болжанған нәтижеге жету мақсатында оқытудың міндеттерін нақтылау;
- оқытудың динамикасын бақылау жолын көрсету;
- оқытумен барлық білім алушыларды түгел қамтамасыз ететін стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру.

Орта мерзімді жоспар мұғалімге мақсатты жұмыс жасауға және оқыту объектілерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұрынғы күнтізбелік-тақырыптық жоспардағыдай, әрбір келесі сабақ бөлек сабақ болып табылмайды, керісінше алдыңғысының жалғасы болып табылады. Белгілі бір бөлімді оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау тәсілі арқылы бағалап және нақтылай отырып, біртіндеп мұғалім де өзінің болжау дағдыларын дамытады.

Оқыған және алған білімге қайта оралуды көздейтін білім мазмұнын шоғырландыру (концентрическая) құрылымын жоғарғы сыныпта география сабағында тиімді қолдануға болады.

Мысал ретінде география пәні сабағында жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырайық. Ол келесі кезеңдерден тұрады және оқушы мен мұғалімнің алдағы бірлескен жүйелі жұмысының түйінді тетіктері болып табылады:

- 1) мұғалімнің ұсынған тақырыптарының ішінен әрбір оқушы өзіне зерттеу тақырыбын таңдайды/өзі ұсынған тақырыпты алады;
- 2) алгоритм бойынша, оқушылар мұғаліммен бірге немесе жеке (қажеттілігіне қарай) алған тақырыбын зерттеу жоспарын жасайды;

3) мұғалім білім алушылардың жұмысын бақылайды, сыныптағы оқушылардың зерттеу жұмыстарының барысын қадағалай отырып, бағыт-бағдар мен кеңестер беріп отырады;

4) мұғалім оқушыларды алдағы жақын аралықтағы бағдарламаға сәйкес өтілетін оқу материалының тақырыптарымен таныстырады (тоқсан бойынша жасалған орта мерзімді оқу жоспарын алуға болады);

5) мұғалім сабақтың қысқа мерзімді жоспарына, өтілген тақырыпқа оқушының тақырыбы тұрғысынан қайта оралуды енгізеді, оны сабақта оқушының өзі баяндайды, білім мазмұны кеңейе түседі, жаңа ақпараттармен толығады, байланысы ашылады. Оқытудың алғашқы сатысында қарапайым түсініктер беріледі, олар алдағы уақыттағы оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен білімдерінің толығуына қарай тереңдейді және кеңейе береді;

6) мұғалім нәтиже шығарады: тереңдетілген оқу материалының меңгерілу деңгейі зерделенеді және оқушылардың зерттеу жұмыстарындағы жетістіктері анықталады, нәтижесі бойынша алдағы уақыттағы оқушылардың білімін тереңдету және жобалық жұмыстарын жалғастыру жоспары нақтыланады, ұсыныстар беріледі.

Зерттеу тақырыптарын білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен бірге тұрғылықты жеріндегі және мектептегі зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктеріне қарап, ұсыну қажет. Осылайша, оқыту процесін білім алушылардың зерттеу жұмыстарымен сәтті ұштастыруға болады, мұның барысында балалар өте көп қосымша әдебиеттерді оқиды, желілік ресурстардан ақпарат алады және басқа.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны келесі заңнамалық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттарымен белгіленеді:

- «Білім туралы» ҚР Заңы;
- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта);
- Оқу бағдарламасы;
- Оқу жоспары;
- Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін өткізу рәсімі (*ҚР БҒМ №125 бұйрығы 18.03.2008ж*);
- Критериалды бағалау жүйесі бойынша негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған нұсқаулық;
- Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулық;
- Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар жинағы.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды-бағытталған тәсілді пайдалану нақтылық пен шынайылық деңгейін барынша көтереді.

Замануи мектептерде білім алушылардың білім алу іс-әрекетін критериалды бағалау тәсілі талап етіледі, себебі бұл тәсіл кері байланысты іске

асыруға көмектеседі, білім беру процесіне барлық қатысушылардың оқыту нәтижесі мен өлшемшарт өлшемдерін көруге мүмкіндік береді.

Бағалау жүйесінің маңызды сипаттамасы жалпы бақылау-диагностикалық байланысты тек баға қоярда ғана емес, сонымен қатар, білім беру процесінің табысты болуы үшін мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы байланысты іске асырушы болып табылады.

Білім беру жетістіктерін бағалау жүйесі барысында бағалау тек балалардың шынайы жетістіктерін көрсетіп қоймай, білім алушылардың білім беру үдерісіндегі одан арғы қадамдарын кұруға, қолдау жасауға негіз болады.

Өз кезегінде, оқу мақсаттарының деңгейі – білім алушылардың аталған деңгейге жетуін куәландыратын нақты іс-әрекеті. Сондықтан, Блум таксономиясына сәйкес, келесі меңгеру деңгейлерін шығарамыз:

1. Білу

Бұл категорияға оқылған материалды – нақты дәлелдерден біртұтас теорияға дейін, жадыда сақтау және қайталау жатады. Оқушы терминдерді, нақты дәлелдерді, әдістер мен тәртіптемені, негізгі ұғымдарды, ережелер мен қағидаттарды есіне түсіреді.

Формативтік және жиынтық бағалауда тапсырмаларды әзірлеу барысында қолдануға қажетті етістіктер:

-хабарлама жасаңыз – атап шығыңыз - сипаттаңыз – еске түсіріңіз - орнатыңыз, бұл не?, бұл қайда? және т.б. - тұжырымдаңыз — біліңіз – есте сақтаңыз — айтып шығыңыз – дәлел келтіріңіз - қайталаңыз – анықтаңыз және т.б.

2. Түсіну

Бұл категория бойынша түсінудің көрсеткіші материалды бейнелеудің бір үлгісінен, екінші үлгісіне өзгеруі, оны интерпретациялау, құбылыстың, оқиғаның келешекте даму жөнінде болжам жасау.

Оқушы:

— ереже, қағидат, дәлелді түсіндіреді;

— сөзбен берілген материалды математикалық өрнекке айналдырады;

— берілген мәліметтен шығатын салдарды болашықпен болжап сипаттайды.

Формативтік және жиынтық бағалауда тапсырмаларды әзірлеу барысында қолдануға қажетті етістіктер:

-өзгертіңіз - айналдырыңыз – қайта тұжырымдаңыз –қайта жазыңыз - сипаттаңыз - түсіндіріңіз- жалпы шолып шығыңыз—пікір жазыңыз - әңгімелеңіз—қорытындылаңыз - қосыңыз — бірге байланыстырыңыз — қайта түсіндіріңіз – өз сөзіңізбен түсіндіріңіз – қорытынды жасаңыз, қорытынды - негізгі идеясын табыңыз және т.б.

3. Қолдану

Бұл категория бойынша меңгерілген жаңа білімдерді нақты жағдайда және түрлі жағдаяттарда пайдалана білу .

Оқушы:

— заңдарды, теорияларды нақты практикалық жағдаяттарда қолдану;

— түсініктер мен қағидаттарды жаңа жағдаяттарда қолдану.

Формативтік және жиынтық бағалауда тапсырмаларды әзірлеу барысында қолдануға қажетті етістіктер:

- қолданыңыз —практикада қолданып көріңіз—қолданыңыз - пайдаланып көріңіз - шешіңіз - дәлелдеңіз - көрсетіңіз - иллюстрацилаңыз - көрсетіңіз – есеп жасаңыз

4. Талдау

Бұл категория бойынша бүтіннің элементтері мен қасиетін талдай отырып, оның қасиеттерін анықтау болып табылады.

Оқушы:

- жалпыны бөліктерге бөледі;
- олардың арасындағы қарым-қатынасты табады;
- жалпыны ұйымдастыру қағидаттарын анықтайды;
- логикалық пайымдауда кеткен қателіктерді көреді ;
- дәлел мен салдардың айырмашылығын өткізеді;
- мәліметтің маңызын түсінеді.

Формативтік және жиынтық бағалауда тапсырмаларды әзірлеу барысында қолдануға қажетті етістіктер:

- талдаңыз – бөліктерге бөліңіз— сыни қараңыз - іздеңіз - табыңыз - анықтаңыз - айырыңыз — айқындаңыз—тексеріңіз—салыстырыңыз— шолу жасаңыз — зерттеу жасаңыз —қараңыз – оқып үйреніңіз - ажыратыңыз - разделитебөліңіз – санатқа бөліңіз – салалаңыз және т.б.

5. Жинақтау

Бұл категория бүтін нысанды әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне құрастырып бір бүтін жасауды білдіреді.

Оқушы:

- шығарма жазады, сөз сөйлейді, баяндама, реферат;
- эксперимент және басқа іс-әрекетті өткізудің жоспарын ұсынады ;
- тапсырма схемасын құрастырады.

Формативтік және жиынтық бағалауда тапсырмаларды әзірлеу барысында қолдануға қажетті етістіктер:

- құрыңыз – ойлап шығарыңыз - жасаңыз - құрастырыңыз -болжаңыз — ұйымдастырыңыз- жоспарлаңыз — безендіріңіз — модификациялаңыз — өзгертіңіз — елестетіңіз - шамалаңыз, егер осылай болса - жетілдіріңіз — теориясын құрыңыз— ұсыныңыз және т.б.

6. Бағалау

Бұл категория материалдың маңызын бағалай алу біліктілігін білдіреді.

Оқушы:

- хат мәтінінің құрылу логикасын бағалайды;
- берілген мәліметке қорытындысының сәйкес келуін бағалайды;
- іс-әрекет өнімінің маңызын бағалайды.

Формативтік және жиынтық бағалауда тапсырмаларды әзірлеу барысында қолдануға қажетті етістіктер:

Пікір құрастырыңыз – қорытындыға әкеліңіз —алыңыз -

-таңдаңыз шешіңіз - бағалаңыз – сыни таратыңыз - негіздеңіз - түсіндіріңіз - талқылаңыз - тексеріңіз -бақылаңыз - дәлелдеңіз - ұсыныңыз— анықтаңыз және т.б.

Критериалды бағалау ізгілігі тапсырманың түрлерін және оларды ұсынудың формаларын түрлендіру, білім алушыларға көрсетілетін көмектің түрлерін түрлендіру барлық оқушылардың берілген міндетті критерийлер деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесінің моделі келесі элементтерді (кезеңдерді) қамтиды:

1. тақырыпты (сабақты) меңгерудің критерийлері дәл анықталады, бұл оқытудың нақты нәтижелерінің тізбесінде (бағдарламамен талап етілетін меңгеру деңгейлерін айқындай отырып, оқыту мақсаттары) көрініс табады;

2. тексеру жұмыстары – тесттер дайындалады;

3. Оқу материалы жекелеген фрагменттерге (оқу бірліктеріне) бөлінеді. Әрбір фрагмент оқу материалының тұтастай бөлімін білдіреді; мазмұндық тұтастығынан басқа тарауларға бөлу кезінде материалды меңгерудің ұзақтығы да (2-3 сабақ, 2-3 апта) бағдар бола алады. Оқу бірліктері бөлінгеннен кейін оларды меңгеру барысында қол жеткізілуі тиіс нәтижелер (критерийлер) анықталады және әрбір оқу бірліктерін меңгеруде мақсаттарға жетуді көз жеткізуге мүмкіндік беретін ағымдық тексеру жұмыстары жасалады.

4. материалды меңгерудің әдістері таңдалады, оқыту тапсырмалары құрастырылады;

Бұл ретте жоспарлаудың бірыңғай формасын ұстанған маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, жоспарлау талаптарының тиісінше нақты болмауынан мұғалім өз қызметінің мақсаты мен мазмұнына ұғынып қарай алмайды.

Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың маңызды басымдығы конструктивистік тәсілге негізделген, кіріктіріп оқыту болып табылады.

Конструктивизмнің негізгі ережелері былайша тұжырымдалады:

– негізгі идея – белсенді оқыту, құрастырмалы процес болып табылады;

– білім алушылар ақпаратты құрастырушылар ретінде қарастырылады;

- адамдар нақты шындық арқылы өздерінің жеке субъективтік көзқарастарын ұсынады;

– жаңа ақпарат алдыңғы біліммен ұштасады, онда ақыл-ой көзқарасы субъективті болып табылады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, курсты жүзеге асырудың негізгі аспектілері білім алушылардың топта жұмыс істеу ептіліктерін қалыптастыру, түрлі ақпарат көздерінен, интернеттен өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізу, салыстыру, фактілерді реттеу, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізу, білімін тәжірибеде қолдану, зерттеу жұмысын жүзеге асыру болып табылады.

Осылайша, сабақтарды жоспарлауға қатысты барлық жұмыс бағдарламаның сабақ беру мен оқытудағы жаңа әдістерді есепке ала отырып жүзеге асырылады. Білім беру жүйесіндегі кез келген өзгеріс мұғалімнен бастау алуы тиіс. Әр мұғалім өзінің тәжірибесіне өзгерістер енгізу қажеттігі туралы өзіндік сенімін қалыптастыруы тиіс.

Мұғалім өзінің шеберлігіне қарай білім алушыларды түрлі санаттарға

бөлу, оның ішінде ақыл-ой типтері бойынша ыңғайластыру арқылы білім алушылардың тапсырманы орындау сапасына тікелей тәуелділікті нақты ұсынуы қажет. Оқытуды мұндай әдістемелік тәсілі білім алушының әртүрлі типіне қарай қолдануға және нақты тәжірибелік тапсырмаларды орындауда барлық білім алушыларды іске тартуға мүмкіндік береді.

Сабақтарды жобалаудың келесі алгоритмін ұсынамыз:

1. Сабақтың тақырыбы айқындалады;
2. Оқу бағдарламасынан жоспар-конспектінің макетіне оқытылатын бөлім бойынша оқу бағдарламасының мазмұнынан тікелей еске түсіру әдісімен, пәндік, жүйелік-әрекеттік және тұлғалық нәтижелер түрінде сабақ тақырыбына сәйкес мақсаты мен міндеттері жазылады;

3. Мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін оқытудың орынды белсенді және интерактивті түрі/түрлері қолданылады (оларға жасалған шолу және сабақтың мақсаттарына сәйкестілігі мәтінде ұсынылған);

4. Сабақтың кезеңдері уақытқа, әрекет пен ресурстардың түрлеріне қарай жоспарланады.

Әр сабақтың құрылымы келесі жинақтардан тұрады:

- 1) сабақтың мақсатты түрі, яғни білім алушыға тұжырымдалған қол жетімді (нені білеміз, нені үйренеміз?) нысанның белгіленуі;

- 2) сабақ барысында қажетті білім мен ептіліктің маңыздылығына арналған тапсырма/тапсырмалар;

- 3) мәтіндік және иллюстративтік материалдардан тұратын, жаңа мазмұнды меңгеруге және оны қолдануға арналған тапсырмалар жүйесі (мәтінмен және иллюстрациялық материалдармен жұмыс, сыныптағы жұмыс);

- 4) сабақтың мазмұны жөнінде қысқаша тұжырым («Қорытынды шығарамыз», сыныптағы жұмыс);

- 5) бақылау-бағалау қызметін ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар);

- 6) үй тапсырмасын беру (үй жұмысы және шығармашылық тапсырмалар).

Сонымен, оқу жұмысын ұйымдастыру мен жоспарлаудың жоғарыда келтірілген қағидаларын мектептегі білім мазмұнын жаңарту тәжірибесінде қолдануға болады.

Құрылым элементтері бойынша сабақты талдау төмендегілерді айқындайды:

- 1) сабақтың өзектілік сапасы, өздігінен орындайтын жұмыс қаншалықты табысты орындалды, білім алушылар қандай физикалық ұғымдарды тереңдетті, қандай жаңа ұғымдарды меңгерді, қандай дағдыларды игерді, бұрынғы білімнің қаншалықты көлемін қайталады, білім алушылардың жауаптарының толықтығы қандай, білім алушылардың сабақты айтып беруі, материалдың көлемі білім алушылардың мұғалімге қоятын сабақтарының мазмұндылығы және қайталана беретін қателерді талдау үшін жағдай жасалды ма, білім алушылардың ойлау жұмыс белсенді болды ма, т.б;

- 2) білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысына арналған уақыт жеткілікті ме, мұғалім түсіндіргенде ұғымдар толық ашылды ма, жаңа материалдың бұрын оқып үйренген материалмен байланысы болды ма, білім

алушылардың ішінен кім және қаншалықты ілгері басты, кім материалды әлсіз меңгерді және келесі сабақта кім көмекті қажет етеді;

3) білік пен дағдыларды қалыптастыру – білім алушылардың өздігінен орындайтын жұмысының сапасы, кімде қандай табыстар, сәтсіздіктер болды, білім алушылар үй тапсырмасын орындауға әзір ме, т.б;

4) сабақтың қандай элементтері білім алушыларға неғұрлым көп тәрбиелік ықпал жасады, келесі сабақта нені күшейтіп, қосымша қандай нақты материалдар келтіру керек, тағы басқалар

Одан әрі мұғалім сабақтың барысында қандай кемшіліктер болғанын, қандай мүмкіндіктерді пайдалана алмағанын нақтылап, әдістемелік және дидактикалық қортынды жасайды.

Оқыту тиімділігі критериалды бағалауды ұйымдастырудың сапасына, толықтығына, өз уақытында жүруіне, тереңдігі мен объективтілігіне тікелей байланысты.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау – бұл білім алушылардың жоспарланған оқу мақсаттары мен шынайы нәтижелерінің сәйкестік деңгейлерін орнату.

Критериалды бағалау – алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес, білім алушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беретін, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларын дамыту деңгейін бағалауға мүмкіндік береді және сабақ беру, бағалау мен оқытудың өзара байланыс принциптері негізінде дайындалады. Критериалды бағалаудың Кіріктірілген үлгісі (моделі) (КБКМ) пәндер бойынша Кіріктірілген білім беру бағдарламасына (КБББ) сәйкес білім алушылардың білім жетістіктерін бағалауға бағытталған бірнеше бағалау түрлерінен тұрады. КБКМ білім беру, оқыту және бағалау өзара байланысқан және білім алушының білім жетістіктерін бағалауға негізделген біріңғай тәсіл деп қарастырылады. КБКМ бойынша бағалау. (КБББ) -ның мақсатының орындалуын бағалауға негізделген. Әр сыныптар мен пәндердің оқу бағдарламасының мазмұны бағалаудың КБКМ негізделген барлық үш түрі жайлы ақпаратты қамтиды.

Оқу жылы көлемінде білім алушылардың білім сапасы және дамуы (прогресі) туралы ақпарат жинақтау үшін бағалаудың үш түрі қолданылады.

- Қалыптастырушы бағалау – әр тоқсанның көлемінде жүргізіледі;
- Ішкі жиынтық бағалау – әр төрт тоқсанның аяғында жүргізіледі ;

Тоқсандық баға – тоқсан көлеміндегі қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау нәтижесі бойынша әр тоқсанның соңында бағаланады.

Қорытынды баға – төрт тоқсан көлеміндегі қалыптастырушы, ішкі жиынтық бағалау және сырттай жиынтық бағалау нәтижесі бойынша жыл соңында бағаланады [19].

Қалыптастырушы бағалау тоқсан бойы күнделікті сабақ беруде үнемі жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі. Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың білім деңгейін өлшеу үшін қолданады және сабақты жоспарлауда көмек көрсетеді.

Ішкі жиынтық бағалау жыл аяғы және тоқсан аяғында білім алушының прогресі туралы ақпаратты мұғалімдер мен білім алушыларға беру үшін дайындалады. Ішкі жиынтық бағалау тоқсан бойында өтетін оқу мақсаттарына негізделген және мұғалімдерге әр білім алушының жетістіктерін қадағалауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуі білім алушылардың дағдыларының дамуына мүмкіндік тудырады.

Дағдыларды нақты бағалау біліктілігі критериалды бағалаудың маңызды аспектісі. Берілген кестеде оқу бағдарламасына енгізілген, қалыптастырушы және ішкі жиынтықтық бағалауда дағдылардың қалыптасқанын немесе даму деңгейінің бағалауы көрсетілген (13 кесте).

21-кесте. Дағдылардың қалыптасқанын немесе даму деңгейінің бағалау

Дағдылар	Сипаттамасы
Білу	Нақты деректерді, ақпараттарды білу және еске түсіру және оларды баяндау.
Түсіну	Ақпараттарды түсіну арқылы дұрыс жеткізу, болжау немесе түсіндіре білу.
Қолдану	Алған білімдері мен ақпараттарды таныс немесе таныс емес жағдайларда, контексте қолдану.
Сыни ойлау	Ақпарат пен идеялардың маңыздылығы мен сенімділігі туралы шешім қабылдау немесе әртүрлі көзқараста болу.
Анализ	Жалпы ереженің негізін дәлелдеу үшін және/немесе ой қорытындысының әртүрлі шешімдерін ойлауда ақпараттарды жинақтап тұжырымдарды бөлікке бөлуі және сол бөліктердің өзара сәйкестігін анықтай білу.
Синтез	Алған білімдерін әртүрлі жаңа контексте құрастыра білу.
Бағалау	Белгілі критерийлер арқылы идеялардың құндылығы немесе дәлелдер туралы тұжырымды қалыптастыру.
Коммуникация	Басқа адамдардың қызығушылығын және көзқарастарын өз қызығушылығымен және көзқарасымен сәйкестендіріп және негіздеп қабылдау, адамдармен қарым-қатынаста болу және келісу қабілеттілігі.
Тыңдалым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі тақырыпта ауызша сөйлеудің негізгі мазмұнын түсіну және одан өзекті ақпаратты бөлу; сөйлеген адамның пікірін айырып тану, контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау; білім алушының деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі стратегияны пайдаланып, әртүрлі типтегі мәтіндердің мазмұнын түсіну және қабылдау; естігеннің негізгі мазмұнын, мәтін бөліктерін таныс сөздерге, фразаларға және естігені арқылы түсіну, нақты/керекті ақпаратты таңдау және түсіну
Оқылым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі ғылыми және әдеби мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардағы өзекті мәселелерді бөлу, ақпарат іздеудің әртүрлі стратегиясын қолдану, контекст бойынша сөздердің мағынасын анықтау, автордың пікірі мен көз-қарасын тану, оқығанды түсіну тереңдігін және сөз мағынасын тексеру үшін әртүрлі сандық және қағаз түпнұсқасын қолдану

Жазылым	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі мәтіндегі жазбаша жұмыстарды түзету және редакциялау, жазу, жоспарлау; нағыз және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жазу біліктілігі; орфографиялық және грамматикалық қателерсіз жеткілікті сауатты жазу; қажетті стильді ұстау; әртүрлі байланыстырушы сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді абзацқа байланыстыру.
Айтылым	Оқу бағдарламасы шеңберінде әртүрлі мәтіндегі әңгімелеуде ауызекі және ресми стильді пайдалану; қажетті ақпаратты алу үшін күрделі сұрақтарды қоя білу біліктілігі; күтпеген сұрақтарға жауап қайтару; тапсырма орындау барысында өз құрбыларымен қарым-қатынаста болу; лексикалық ерекшеліктерді сауатты пайдалану; оқиға және оның жүйесін мазмұндау.
Шығармашылық	Өзіндік тәсілдерді немесе әртүрлі жолдарды қолданып, мәселені шешуді іздеу және жаңа идеяны дайындау.
Зерттеу	Зерттеу мақсатына сәйкес деректер және ақпараттарды жинау жолдарын дайындау.
Техника және тәсілдер	Өзара жоспарлауды, орындауды және бағалауды қоса пән бойынша практикалық біліктілікті, оларға сәйкес рәсімдерді мен технологияны көрсету. Әртүрлі іс-әрекетке қатысу үшін негізгі техникалық тәсілдер мен моторикалық дағдыларды көрсету; топта және жеке жұмыс жасау жағдайында стратегия туралы өз ойын көрсету; рухани дамуды және физикалық дайындықты жоғарылату үшін тиімді әртүрлі әдістерді қолдану.
Рефлексия	Іс-әрекет жасауда шешім қабылдау және тұжырымды қалыптастыру, пікірлер, ойлар және оқиғалар туралы ой пікір ұсыну.
Сандық ойлаудың математикалық қабілеті	Санды қолдануды, есепті шығаруды, график, кесте және кең диапазондағы математикалық ұғымды, контексті және күнделікті жағдайда көрсетуді түсіну.

Кез келген бағалау түрі – қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау анық, сенімді, жалпы сабақ беруде және оқыту процесінде қолайлы және жағымды болуы керек.

Мектепшілік бағалау мәнмәтінінде қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауы сенімді болып есептеледі, себебі оқу бағдарламасына енгізілген дағдылар мен мақсаттарды қолдана отырып сабақ беру процессінің мазмұнының бағалау үшін дайындалған.

Критериалды бағалау мұғалімді сынып жұмысында қолдап, оң ықпал жасауына көзделген. Нәтижелер мұғалімге өзінің сабақ беруінде рефлексия өткізіп және одан кейінгі қызметін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы түсінік деңгейін және прогресін анықтау үшін белгіленген уақыт бойында сабақты тиімді беру және оқу мақсатында білім алушыларды бақылау қажет. Қалыптастырушы бағалау осы үшін жұмыс жасап және білім алушының тоқсандағы немесе оқу жылындағы жетістіктері туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әр сыныпта сабақ беру процессінде мұғалім оқу бағдарламасының оқу мақсатының бәрін қамтуы керек. Пәндер бойынша оқу жоспарында барлық оқу мақсаттары үшін ұсынылатын іс-әрекеттер берілген.

Тоқсан басында мұғалім қалыптастырушы бағалау үшін іріктелінген оқу мақсаттары оқу жоспарында қамтылғанын анықтауы қажет.

Қалыптастырушы бағалаудың көмегімен мұғалім білім алушымен оқу мақсатына қашан жеткенін көрсете отырып, оның прогресін белгілейді. Және де келешекте ол сабақ оқытуды жоспарлауда және оқытуда мұғалімге көмекші бола алады. Білім алушылармен бірге іріктелген оқу мақсаты «жетті» және «талпынады» бойынша рефлексия жүргізуіне болады және сабақ беру процессінде оқу мақсатына әлі де талпынатын білім алушылардың оқу мақсатына жету мүмкіндігін қарастырып бейіндеуі қажет. Рефлексиядан кейін білім алушыларға кері байланысты беру аса маңызды. Оқу мақсатына сүйеніп, білім алушылар қай жерде жетістікке жеткенін және неге көңіл бөлу керектігін анықтауға болады. Қалыптастырушы бағалауда өз жұмысын ертерек жоспарлауға мүмкіндік береді. Жетістік критерийлерімен және оқу мақсатымен білім алушыларды таныстыру аса маңызды. Әр тоқсан басында мұғалім білім алушыларға пән бойынша тоқсандағы оқу мақсаттарын таныстырады. Қалыптастырушы бағалау өткізу кезінде білім алушыларға оқу мақсатын бағалайтын жетістік критерийлерін беру қажет.

Критериалды бағалаудың механизмі. Мұғалім нақты оқу мақсатына қол жеткізгені үшін және орындалған жұмыс үшін алынған баллды қояды. Сыныпта жиынтық бағалауды қолданған кезде мұғалімнің оқушылардың жетістіктерін балл түрінде және түсініктеме түрінде тіркеп отыратын жеке өзінің журналы немесе жұмыс дәптері болуы тиіс. Бұл мұғалімге және оқушыға өз кемшіліктерін және оларды шешу жолдарын түсінуге көмектесе алады, сондай-ақ, қойылған оқу мақсаттарына қарағанда оқушының даму динамикасын бақылауға көмектеседі.

Тоқсан бойы өтетін бағалауды мұғалім алдын ала (тоқсан басталғанға дейін) жоспарлауы тиіс. Бағалау үшін педагог:

- 1) бағалаудың деңгейлерін анықтайды;
- 2) бағалаудың критерийлерін әзірлейді;
- 3) бағалаудың дескрипторларын құрады;
- 4) тексеру жұмыстарының өткізілу мерзімін белгілейді.

Білім алушыларды бағалау жұмыстары тоқсан соңымен байланыстырылмауы тиіс. Қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізу қорытындылары бойынша балдардың қойылуы білім алушыларға түсінікті болуы керек және оқу мотивациясын арттыруға ықпал етуі керек.

Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін бағалау бойынша барлық деректерді жинап, сақтау керек, алынған мәліметтерді талдай білу, кері байланысты жүзеге асыра білу керек.

Мұғалім жаңа бөлімді, бөлімшені бастаудың алдында білім алушыларға не белгілі және жаңа тақырыпқа байланысты оларды қандай сұрақтар қызықтыратынын білу үшін диагностикалық бағалау жүргізеді.

Критериалды бағалау жүйесі шеңберінде бағалау 2 түрге бөлінеді: қалыптастырушы бағалау; жиынтық бағалау (бөлім, тоқсан, оқу жылының қорытындысы бойынша).

Қалыптастырушы бағалауды қолдану білім алушылардың жұмыстарын тексеру қорытындысы бойынша мұғалім жұмыстың мазмұны мен дұрыстығы бойынша жазбаша немесе ауызша түсініктемелер пайдаланады дегенді білдіреді. Қорытындылар белгіленбейді, тек білім алушылармен бірге талқыланады. Ақпарат оқыту және оқу процесіне түзету енгізу үшін мұғалімге де, оқушыға да бірдей маңызды.

Тақырыпты оқып білген соң мұғалім *жиынтық* бағалау жүргізеді. Мұндай жұмыстарды бағалау критерийлерін пайдалана отырып, бағалау қажет. Мұғалім тоқсан бойы зерделенген бөлім қорытындысы бойынша қажетті тексеру жұмыстарының санын жоспарлай алады. Бұл жұмыстар осы тақырып бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларын көрсетеді және тоқсан соңына байланыстырылмайды. Сондай-ақ, олар оқытылған бағдарламалық материалдың мазмұнын толығырақ қамтуы тиіс. Мұғалім берілетін тапсырмаларды тек қана және қаншалықты фактілік материалды меңгеру деңгейін тексеретіндей емес, білім алушының алған білімін қаншалықты қолдана алатын қабілетін тексеретіндей етіп ойластыруы қажет.

Мониторинг аясында критериалды бағалау жүйесіне қатысты алынған сауалнамада мұғалімдер *қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және өткізу* кезінде туындайтын қиындықтарды 6 ұстаным бойынша бағалаған болатын. Осыған байланысты «Физика» пәнінің берілуінде жоғарғы сынып мұғалімдерінде туындаған қиындықтарды келесі кестеде көрсеттік және практикада шешу жолдарын ұсынамыз.

22-кесте. Қалыптастырушы бағалауды сапалы ұйымдастыру бойынша физика пәнінің мұғаліміне ұсынымдар

Ұстанымдар	Қиындықтар	Шешу жолдары
1.1.«Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері»	Критерийлерді тек оқу мақсаттарына сүйеніп дайындау	Критерийлер күтілетін нәтижеге сәйкес дағдылардың қалыптасуын анықтауға құрылуы керек
1.2. «Кері байланысты ұсыну»	Тек уәжді арттыратын бағалауды пайдалану	Конструктивті ұсыныс беру арқылы жиынтық бағалауға дейін оқушының үлгерімін жақсартуға ықпал ету
1.3.«Тапсырмаларды дайындау»	Критерийге негізделген тапсырмалар дайындау	Тапсырмаларды оқу мақсатына сәйкес алып, критерийлерді тапсырмаға жасау
1.4. «Дескрипторларды құру»	Критерийлерді қайталау	Критерий бойынша тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижені болжау қадамдарын көрсету

1.5. «Ауызша жұмысты/жауапты бағалау»	Эмоционалдық ынталандыру деңгейінде қалу	Мұғалімнің бағалауы, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау нәтижесіндегі ұсыныстармен сапалы кері байланыс беру
1.6. «Топтағы жұмысты бағалау»	Өзара бағалаумен шектелу	Кері байланыс беруде топтық жұмыста болған әр баланың жетістігін ескеру

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі мақсаты – білім алушылармен тұрақты кері байланысты қамтамасыз ету үшін оқытудың мониторингін жүргізу болып табылады, бұл әдіс оқытуды жақсарту үшін пайдаланылады. Қалыптастырушы бағалауды білім алушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, әлсіз тұстарын дамыту үшін қолданады.

Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

- бағалау критерийлерін анықтау, оқушыларға ұсыну;
- оқушының оқу үлгерімінің деңгейін анықтау;
- сапалы кері байланыс орнату;
- оқуы үшін білім алушыларға ұсыныстар беру;
- білім алушыларды дамытуға бағыттайтын тиімді кері байланысты қамтамасыз ету.

Қалыптастырушы бағалаудың функциялары:

- тәжірибе жүзінде құндылықтар жүйесін белгілеу, қалыптастыру және бекіту;
- ынталандыру – оқушының күтілетін нәтижеге қол жеткізуі, тиімді түрде алға ілгерілеуі үшін қолайлы жағдай жасау [9].

Қалыптастырушы бағалаудың негізгі принциптері:

- Шынайылық
- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы
- Нақтылық
- Үздіксіздік
- Дамытуға бағыттау

Мұғалім сабақты жоспарлағанда оқу бағдарламасы және оқу жоспарымен қатар, алдын ала дайындалған қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын пайдалануы қажет. Қалыптастырушы бағалауды күнделікті сабақтың әр кезеңінде жүргізеді. Тапсырмаларды дайындағанда білім алушылардың жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, дағдыларын дамытуды ойлау керек.

Жаңартылған бағдарламалардың күтілетін нәтижеге бағытталған оқу мақсаттары бар, қалыптасырушы бағалау тапсырмаларын жасағанда ең алдымен сол мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету қажет.

Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру үшін оқу мақсаттарын негізге ала отырып, Блум таксономиясының негізінде ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес критерийлер құру керек.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатыны белгі.

Тапсырмалардың орындалуын қадағалау үшін дескрипторлар құрылады.

Дескриптор дегеніміз – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама.

Сабақ барысындағы қалыптастырушы бағалаудың әр түрлі кезеңдерінде оқу мақсаттарына сәйкес құрастырылған тапсырмалар беріледі.

Тапсырмалардың *ашық* және *жабық* түрлері болады.

Жабық тапсырмалардың бірнеше түрі бар: бір жауапты таңдау, бірнеше дұрыс жауабы бар, сәйкестігін анықтау, бізіділікті анықтау.

Ашық тапсырмаларға қысқаша жауап беру, толық жауап беру, эссе жазу жатады.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін оқытудың белсенді әдістерін қолдану керек.

Бағалаудың әдістерін білім алушылардың жеке, жұптық, топтық жұмыстары барысында қолдануға болады. Жеке тапсырмаларды бағалау кезінде білім алушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктеріне назар аударуды ұмытпау керек. Жеке жұмыс жасағанда:

Өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беріп, ынталандырып отырған дұрыс.

Тақырып аясында білім алушының өз бетінше көбірек ізденуіне жол беру қажет, ол үшін зерттеуге негізделген тапсырмаларды қарастыру керек.

Мұғалім білім алушылармен тиімді кері байланыс орната білуі қажет.

Кері байланыс білім алушыларға жеткен жетістіктері жөнінде хабарлама беру болып табылады. Бала сұраққа дұрыс жауап беру үшін оған уақыт берілуі керек. Егер дұрыс жауап бере алмаса, қосымша сұрақтар қойып, баланы дұрыс жауап табуға бағыттаған дұрыс. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және ол мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнатады. Кері байланыс орнату арқылы мұғалім әрбір баланың нені білетінін, нені білмейтінін айқындап, оның білімін әрі қарай дамытуға бағытталған жұмыс жасайды.

Қалыптастырушы бағалаудың көптеген түрлері бар. Оның ішінде қазіргі кезде көп қолданысқа ие болған негізгілері:

- *Өзін-өзі бағалау*
- *Жұптық бағалау*
- *Топтық бағалау*

Өзін-өзі бағалауға қатысушылар өздерінің білімдері жайлы ақпараттар жинайды, оларға талдау жасап, өздерінің деңгейлеріне қорытынды жасайды. Өзін-өзі бағалауды жүргізгендегі міндетті шарттары – оқушылардың оқытылатын тақырыпты өтер алдында және жұмысты орындар алдында олар барлық жұмысты бағалау критерийлерін білулері қажет.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы мотивациялық қажеттіліктерді, сондай-ақ қол жеткізу қажеттіліктерін қанағаттандырады. Өз жұмысын бағалай

алатын білім алушылар өз мақсатына қаншалықты жақын екенін анықтап, оған жету үшін не істеу керектігін жоспарлай алады.

Топтық жұмыс жасағанда мұғалім бағалау критерийлері мен дескрипторларын жазып, тақтаға іліп қояды. Тапсырманы орындап болған соң топтар критерийлерге сәйкес бір-бірлерін бағалайды.

Мұғалім бақылаудың бір түрін құрастырып, оны қатысушылармен бірге талқылайды және мақұлдайды.

Қалыптастырушы бағалау әдісі тапсырманы түсіндірген соң білім алушылар тапсырманы орындауда ұмтылатын қарапайым мақсаттар белгілеуді көздейді. Жұмыс аяқталған кезде оқушылар ол мақсаттарға қаншалықты қол жеткізгені туралы ойланады.

Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас бір бөлігі – кері байланыс. Мұғалім сабақтың түрлі кезеңдерінде кері байланыс жүргізіп, білім алушылармен тығыз байланыста болу арқылы, келесі сабақта жоспарлағанда назар аударатын жағдайларды болжай алады.

Кері байланыс тиімді болуы үшін:

Мұғалім тарапынан:

Оқушы білімді меңгерудің қай деңгейінде тұр?

Күтілетін нәтижені жақсарту үшін не істеу керек?

Жақсы нәтижеге жетуге қалай көмектесемін?

Оқушы тарапынан:

Мен білімді игерудің қай кезеңінде тұрмын?

Жақсы нәтижеге қалай жетемін?

Кемшіліктерімді жою үшін не істеуім керек?,- деген сияқты сұрақтарға негізделгені дұрыс.

Кері байланыстың бірнеше түрі бар: *жазбаша, графикалық, ауызша.*

Жазбаша кері байланыс жасағанда оқушы жұмысының астына ескертпелерді немесе мадақтауды жазуға болады.

Ал ауызша кері байланыс жасағанда қолдау білдіре отырып, ескертулерді де айту керек.

Келесі саты - мұғалімнің білім алушылардың жұмыстарының нәтижелеріне *талдау жасауы.*

Қалыптастырушы бағалау барысында талдау жасау мұғалімге білім алушының қандай сұрақтарға жауап беруге қиналатынын, қай тақырып немесе бөлімді меңгеру күрделі екенін және оның себептерін анықтауға мүмкіндік береді.

Талдау қорытындысы оң нәтиже беру үшін мұғалім нақты фактілерге сүйенуі керек.

Кемшіліктерді жойып, пролемаларды шешу үшін оқыту әдісін қалай өзгерту керектігін анықтау қажет.

Қалыптастырушы бағалаудан кейін білім сапасын көтеруде қандай да бір жетістікке жету үшін мұғалімге бақылау парақшаларын арнап, талдау нәтижелерін жинақтап жүретін папка арнау ұсынылады.

Мұғалім сабақ жоспарында жасалған бағалау критерийлері мен оған сәйкес құрылған дескрипторлардың негізінде білім алушылардың келесі деңгейге көтерілуіне бағытталған ұсыныстар беруі қажет.

Қалыптастырушы бағалау оқытудың әдістерін және мақсаттарға жету жолдарын жақсартуға мүмкіндік беретіндігімен тиімді. Мұндай бағалау кезінде оқушыны басқа баламен салыстыру шарты жоқ, сондықтан критерий түрлері бойынша мүмкіндігінді бағалап, жетістікке жету жолдарын қарастыру жүзеге асырылады.

Білім деңгейін белгілі бір критерийлермен бағалау арқылы анықтау, білім беруді ізгілендіріп, оқушылардың жеке-дара қабілеттерін ескеру арқылы білім сапасын көтеруге айтарлықтай септігін тигізеді.

Қалыптастырушы бағалау оқу процесінде білім алушылардың білімді игеру деңгейі мен дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтайды, қиындықтарды анықтауға және оқу бағдарламаларының оқу мақсаттарына жетуде көмектесуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау бағалаудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін (сауалнама, тәжірибелік жұмыс, зертханалық жұмыс, жоба, тест және т. б.) қолдана отырып, оқу процесінің әр түрлі кезеңдерінде (тақырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды тексеру процестері және т. б.) жүзеге асырылады. Қалыптастырушы бағалауда жұмысты ұйымдастырудың жеке, жұптық және топтық формалары пайдаланылады.

Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде мұғалім дер кезінде оқу процесін түзетеді, жиынтық бағалауды өткізгенге дейін білім алушылардың ықтимал кемшіліктер жояды.

Қалыптастырушы бағалауда білім алушылар пәндер бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту мақсаттарына жетеді.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, балл және баға қоя отырып, белгілі бір оқу кезеңінің соңында (тоқсан, оқу жылы) және оқу бағдарламаларының бөлімдерін/ортақ тақырыптарын игерудің соңында білім алушылардың прогрестері туралы оқушыларға және ата-аналарға ақпарат беру мақсатында жүргізіледі.

Бөлімдер бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде әзірлейді. Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті.

Қалыптастырушы бағалау қосымша жаттығулар немесе тест ретінде қарастырылмай, оқытудың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Қалыптастырушы бағалау процесінің құрылымы:

1. *Оқу мақсаттары мен бағалау өлшемшарттарын анықтау.*

Мұғалім нақты сабақ үшін оқу мақсаттарын анықтайды және бағалау өлшемшарттарын әзірлейді.

Өлшемшарттар оқу мақсаттарының сәйкестігін анықтайды және оқытудағы бақылау және тексеру құралы ретінде пайдаланылады. Оқу мақсаттары мен бағалау өлшемшарттары білім алушылармен келісіледі.

2. *Оқытудағы дәлелдерді айқындау.* Қолданылатын әдістерге карамастан оқыту дәлелдерін айқындаудағы негізгі кезеңі кері байланыс пен алынған ақпараттың оқыту әдістемесін жетілдіруге ықпал етуіне байланысты болып отыр. Педагог бағалау нәтижесі бойынша оқыту процесіне түзету енгізуі мүмкін.

3. *Дәлелдерді түсіндіру.* Мұғалім қалыптастырушы бағалаудың нәтижесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтайды және оқу материалдарын түсіну деңгейін, дұрыс жеткізбеуді, олар қандай дағдылар қалыптастырғанын және т.б. анықтай отырып, оларды талдайды.

Білім алушыларды жұптық бағалау кезінде бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылар оқыту нәтижелерін өздері түсіндіре алады.

